№1 / сәуір / 2017

АРАСӨЗ

Әдеби-танымдық журнал



Сын сардары

Серік ҚИРАБАЕВ

Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ



САРАСӨЗ

Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Жазира Исаева**

Ақылдастар алқасы:
Ұласбек СӘДІБЕКҰЛЫ
Әліпбек ӨСЕРБАЕВ
Құлбек ЕРГӨБЕК
Дулат ИСАБЕКОВ
Айбек ҚАЛИЕВ
Серік АҚСҰҢҚАР
Қажыбек БЕКБОСЫН
Нұрперзент ДОМБАЙ
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ
Сүлеймен МӘМЕТ
Қуаныш ЖИЕНБАЙ
Бекарыс ШОЙБЕКОВ
Ержан ИСАТАЕВ

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017ж берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада академик Серік ҚИРАБАЕВ



РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Ардақты әлеумет!

Сайын сахарада еуразиялық пішімде ғұмыр кешіп жатқан қазақ кеңістігінде күніне бір ақпараттық басылым жаңадан жарық көріп жататын додаға біз де ат қостық. Мақсатымыз - дүйім жұртты материалдық игілік иектеп, руханият құндылығы әлсіреп кеткен осы бір тұста қазақты өркениетке бастау. Аяқ жолыңнан жаһандану басталып кете баратын мына заманда ұлттық болмысымызды бағалап, ұлттық құндылығымызды көздің қарашығындай сақтай отырып қосылу адамзаттық үдеріске! Журнал үндейтін басты бағыт осы болмақ. Адам ғұмыры қысқа тіршілік дүниесінде Адамзат ғұмыры ұзақ болса, қазақ көшкеруені ер азаматының жығасы жығылмай, жасаужабдығы қыздың жиған жүгіндей жарасып өркениет биігіне жол тартса деген тілек «Сарасөз» ұстанымы болар асылы. Арзан сөздің уақыты өтті, ендігі кезек ұлттың жадын қаузайтын, жанын марқайтатын сарасөздікі болар. «Сарасөздің» айтпағы - тыңдаушы түзелді, сен де түзел қазақ баласы!

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін! -

деген Мағжан атамыздың асыл сөзі біздің бойтұмарымыз. Үлкен-кіші қазақ зиялысы! Арзан сөз ұсынбауға – біз, асыл сөзді қабылдауға – Сіз уәде беріселік! Қолайыңа жақса журналға жазыл, ал да оқы, оқы да ойлан қазақ зиялысы!

«Сарасөз» журналының
Бас редакторы
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

МАЗМҰНЫ

5 бет:
ТІЛ МӘСЕЛЕСІ - ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

7 бет:
АҚСЕЛЕУ ЖҰМБАҒЫ

10 бет:
БЕТБҰРЫС

12 бет:
ҒҰЛАМА ӨМІРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ

14 бет:
БІР АУЫЛ - БІР КІТАП

15 бет:
ТЕКТІНІҢ ҰРПАҒЫ

18 бет:
БАТЫРДЫҢ БЕС ЕРЛІГІ

21 бет:
ЕЛ АУЗЫНАН

22 бет:
ТҰТАС ТҮРКІНІҢ ТОЙЫ ТАРҚАМАСЫН

24 бет:
ТҮРКІСТАН ТУРИЗМІНІҢ КӨКЖИЕГІ

27 бет:
РАЙЫМБЕК ТЕАТРЫНДА ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

29 бет:
МАХАББАТТЫҢ ЖҰМБАҒЫ

30 бет:
СҰЛУЛЫҚҚА БАСТАЙТЫН ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР

31 бет:
ЭКСПО - 2017

32 бет:
ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ СІҢІРУ КЕРЕК

34 бет:
МӘРТ



Мұрат Шаханбаев. АЙБАР ЕЛІМ

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ - ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Академик, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫМЕН сұхбат



Академик Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізгені белгілі. Осы жиынға Сіз де қатысып, мемлекеттік тілге байланысты өзекті мәселелерді көтеріпсіз. Ол қандай мәселелер? Осы жөнінде әңгімелесеңіз.

Астанада «Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның» кезекті отырысына (мүшесі ретінде) қатыстым. Отырыс ҚР Премьер-министр Бақытжан Әбдіруұлы Сағынтаевтың басқаруымен өтті. Онда ең алдымен «Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру және бағалау жүйесі туралы» ҚР Білім және ғылым министрі Е.К.Сағадиев баяндады.

Сосын «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалу барысы туралы екі министр – А.Мұхамедиұлы, Б.Сұлтанов және Павлодар облысының әкімі Б.Бақауов хабарлама жасады. Сұрақ-сауалдар болды. Сұрақтың көбін Бақытжан Әбдіруұлы қойып отырды. Оның сауалдарынан мемлекеттік тіл шараларынан мол хабары бар екені және жанашырлығы байқалды.

Мен Қоғам атынан бірнеше мәселе төңірегінде ойымды ортаға салдым. Олар мыналар:

Әлбетте, дербес ел, егемен мемлекет болудың басты шарттарының бірі – мемлекеттік тілдің болуы. Бабалар арманы болған азаттыққа қол жетіп, қазақ тілі – мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тілді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда. Десек те, мәртебе бар да, сол мәртебесіне сәйкес тілдің тиісті де міндетті қолданысы бар. Осы жағынан келгенде, ширек ғасыр өткеніне қарамастан, тілімізге қатысты әлі де шешімін күткен мәселелер көп. Бүгінгі бас қосуымыз да осынау өзекті мәселелерді талқылауға, оларды тиісінше оң шешуге ықпалын тигізеді ғой деп ойлаймын.

Осының алдындағы жиындарда да үнемі көтеріп, бірақ кейінге ысырылып келе жатқан көптеген күрмеулі мәселелер бар. Солардың бірқатарын тағы да қайта жаңғыртуға тура келеді.

Өздеріңіз тарихтан жақсы білесіздер, патшалық Ресей кезеңінде қазақтарды отарлау, орыстандыру бағытында пайдаланылған мынадай тәсілдер болды. Олардың біріншісі – орыс-түзем мектептерін ашу және тәржімашылар институтын енгізу. Әлгі аралас оқу орындарынан Абайдың «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деген өлеңінде айтылатын қазақтың бірен-саран жастары білім алды, орыстың тілін үйренді. Олардың көпшілігі орыс ұлығы мен қаймана қазақ арасында дәнекер болатын тілмәштар болып шықты. Өйткені кеңсе тілі орыс тілінде, қазақты басқарған үлкен төрелердің барлығы да орыс ұлықтары болды. Қара қазақ тұрмақ, қазақтың бетке ұстар, ел ағасы болған болыс билерінің өзі орыс тілін білмегендіктен, патшалық Ресейдің дәрежесі ең төмен шенеунігінің алдында күні тілмәшқа қарап, бүгежектеп тұратын. Абай хакімнің сол тұста жазған «Болыс болдым мінекей» деген өлеңі қазақ басына түскен осы бір аянышты хәлді бейнелейді. Бұл өлеңді жұрт Абайдың болысты сынаған, сатиралық өлеңі деп жүр ғой. Байыптап қарасаң, мүлдем олай емес. Бұл Абайдың қазақтың осыншалық мүскін хәлге түскеніне жаны күйіп, аянышпен жазған өлеңі. Мұны неге айтып отыр дерсіздер? Бір қызығы, қызық емес ең бір өкініштісі, осы бір кепті тап қазір тәуелсіздігіне 25 жыл болып отырған Қазақстан жағдайынан ұшыратамыз деп кім ойлапты?! Амал нешік, ақиқат солай болып тұр. Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстанда осы аралас мектептер ашылып, қазақ тілінің аудармашылары пайда болды. Бұл өзі уақытша құбылыс болар, 4-5 жылда жойылатын шығар деп едік, жоқ, қателесіппіз, олар сол қалпы, әлі күнге мұрты бұзылмай сақталып келеді. Осындайда жаңағы патша заманындағы аралас мектеп пен аудармашылар институтының жаңы неткен сірі еді деп ойлаймын. Осында айтылған бұл екеуі де қазақ тілінің қолданысына өте үлкен кедергі болып отырғанын ашып айтуымыз керек. Сондықтан біз Қазақстанда бүкіл аралас мектептердің барлығын қазақ тілінде білім беретін мектептерге ауыстыруды, ал бүкіл мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің аудармашыларының барлығын таратуды, оларды басқа қызметпен қамтамасыз етуді тағы да қайталап ұсынамыз. Егер осылай жалғаса беретін болса, қазақ тілі ешқандай да мемлекеттік мәртебесіне сай қызмет ете алатын дәрежеге жете қоймайды.

Осы кезге дейін қазақ тілінде бірде бір заң дайындалмаса, бүкіл іс қағаздары тек орыс тілінде жүргізіліп, оларды әлгі айтқан аудармашылар арқылы қазақ тілінде аудартып қойсақ, онда шын мәнінде Қазақстанда мемлекеттік тіл ешқандай қызмет етпеген болып шықпай ма?! Егер де қазақ тілді мамандардың қазақша қызмет етулеріне мүмкіндік бермейтін болсақ, жоғары

оқу орындарында несіне қазақ бөлімдерінде мамандар дайындап жүрміз. Тек аудармашылар ғана дайындасақ жетпей ме?! Осының салдарынан бүгінде ресми қазақ тілі аударма тілге айналды. Аударма қанша жатық болса да түпнұсқаға жетпейді. Осындай шала аударманың салдарынан заңдардың, басқа да ресми құжаттардың қазақшасын оқып түсіне алмайтын, содан соң оны еріксіз орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып оқып, ұғынатын жағдайға жеттік. Сондықтан Үкіметтен ендігі кезекте ресми құжаттардың барлығының түпнұсқасын алдымен қазақша дайындау туралы қаулы қабылдауын талап етеміз. Егер, қажет болған жағдайда ғана, оны орыс тіліне аудартуға болады. Бұл норма Тіл туралы заңда да көрініс тапқан. Аталған Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі»деп, тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Заңның осы талабын атқарушы орган тұрмақ, заң шығарушы орган – Парламенттің өзі осы уақытқа дейін орындамай, өрескел бұзып келеді. «Ет сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеді» дегенді данышпан қазақ осындайда айтса керек. Қазіргі кезде іс қағаздарын толықтай қазақша жүргізіп кетуге маман-қызметкерлер толықтай жеткілікті. Тек саяси ерік-жігер ғана жетпей тұр.

Қадірлі Бақытжан Әбдіұлы! Өзіңіздің пәрменіңізбен осы мәселе оң шешіледі ғой деп сенеміз. Өйткені Өзіңіздің қоғамдық жер комиссиясы отырыстарын да, Үкімет жиындарын да негізінен қазақша өткізіп жүргеніңізді көріп, сүйсініп жүрміз. Осы толғақты жайтты соңына жеткізеді деп үміттенеміз. Елбасының осы кезге дейін айтып келе жатқаны да, қалауы да осы емес пе?

Қазіргі кезде ресми мәлімет бойынша, қазақтың үлес салмағы 67 пайыз болды, орыстардың үлес салмағы 20 пайыз. 7 жасқа дейінгі қазақ баларының үлесі 90 пайыз, ал орыс балаларының үлес салмағы – 7 пайыз ғана. Демек он-он бес жылда елдегі орыстардың үлес салмағы 10 пайызға жетер-жетпес қана шамада болады. Сондықтан біз орыстарды қазақша оқытамыз, оларға қазақша үйретеміз деп тырыспай-ақ қояйық. Үлкен диаспора ретінде орыс мектептерінде оқи берсін, қазақша үйренеміз десе, қарсылық жоқ. Мемлекет тек мемлекеттік тілде оқитындарға ғана, сондай-ақ ірі диаспора өкілдеріне ғана өз тілдеріндегі мектептерде тегін білім алуларына жағдай туғызуы керек. Ал қазақ ата-аналары балаларын орыс тілінде не басқа да тілдерде оқытамын десе, өз қаражаты есебінен тек ақылы мектептерге оқытсын. Ал мемлекет есебінен, салық төлеушілер қаражатынан қазақ баласын өзге мемлекеттің мемлекеттік тілінде (орыс тілді) тегін оқыту ешқандай ақылға сыймайтын құбылыс. Бұл жерде ешқандай адам құқығын шектеу деген мәселе жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тіл – біреу. Мемлекеттің міндеті – барша азаматына мемлекеттік тілде тегін білім алуын қамтамасыз ету. Сол секілді осы елде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің де ана тілдерінде белгілі деңгейде білім алуларына, ұлттық мәдениетін сақтауына қолдау көрсету. Сондықтан мемлекет 25 жыл болса да балаларын қазақ тіліндегі мектептерге бермеу арқылы Қазақстанның болашағына сенімсіздікпен қарайтын, қазақ тіліне, елдің дамуына тежеу, біртұтастығына сына қағып отырған бірқатар қазақ ата-аналарға осындай шара қолдануы керек пе деймін.

Қолдан жасалып отырған және шешілуі оп-оңай мәселенің бірі – мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді жетік білетін азаматтарды ғана сынақтан өткізіп жұмысқа қабылдау. Бұл талап, әсіресе, басшылық лауазымдарға міндеттелуі керек. Себебі, бірінші басшының қазақша білмеуі салдарынан сол мекемедегі, соған бағынысты мекемелер желісіндегі бүкіл іс қағаздары орыс тілінде жүргізілуде. Қазақстанда жоғары лауазымды қызметте отырған мемлекеттік тілді білмейтін басшы азаматтар ұзаса 150-200-дің ар жақ бер жағы ғана болар. Сол екі жүз шақты адамға бола бүкіл қазақ халқы орысша іс жүргізуге мәжбүр болып отыр. Қазіргі кезде қазақ-орыс тілдерінен бөлек тағы да бірнеше шет тілін еркін білетін білікті, қабілетті, іскер азаматтар толып жатыр. Сондықтан аталған екі жүз лауазымды қызметкерді сол азаматтармен жедел ауыстыру керек. Және бұл ешқандай қиын да шаруа емес. Өйткені осы мәселе бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына азаматтар жиі жүгінеді. Көбінің айтатын мәселесі осыған келіп саяды.

Астанаға аракідік ат ізін салып тұрамын. Әр келгенде қаланың көркіне қарап, ажарлана түскенін көріп сүйсінемін. Қара көздеріміздің де қарасы қалың. Алайда бір қынжылтатыны Астананың барған сайын орыстанып бара жатқандығы. Қарапайым халық қазақша сөйлесең, бәрі қазақша біледі. Алайда шенеуніктерге қарап, атқамінер төрелерге қарап, еріксіз солардың ығына жығылуға, солардың ыңғайына қарай орысшаға қарай ауып бара жатқанын көріп, ішің ашиды. Өзіңді еріксіз Қазақтың астанасы емес, бурят не якут, чукша секілді туысқан халықтардың бір қаласында жүргендей сезінесің. Өйткені ол бейбақ бауырлас халықтарымыз да өз тілдерінен ажырап, орыстанып кеткен еді. Біздің ел аман, жұрт тыныштта, тәуелсіз елде тұрып, бұлайша өзімізді өзіміз тұқыртатындай не басымызға күн туды. Халықта ешқандай кінә жоқ. Мәселе жоғарыда айтқан іс басында отырған екі жүз шақты мемлекеттік тілді білмейтін азаматта болып тұр. Іс насырға шаппай тұрғанда өз елінде қазақтың қазақша сөйлеуіне, қазақша іс жүргізуіне, қазақша қызмет атқаруына жол ашу керек деп санаймыз. Міне, осындай шараларды батыл қолға алсақ қана, Елбасымыз ұсынған Мәңгілік ел мұратын іске асыра аламыз.

Өте орынды мәселелер көтерген екенсіз. Негізі тіл жеке адамның шаруасы емес екені белгілі. Бұл – ұлттық, мемлекеттік мәселе. Осыны түсінетін кез жетті...

Дұрыс айтасыз. Жалпы, тіл – жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттің де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі, елдің мерейі. Мерейімізді асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл отбасынан бастау алады, отан аясында дамиды. Отбасы – өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан. Бұл екі ұғым домбыраның қос ішегіндей тығыз бірлікте. Отбасы мен Отанның мақсат-мұраты үндессе, ісіміз береке табады, тіліміз қанат жаяды. Бастаушы болса да, қостаушы табылмаса, іс алға баса ма? Сондықтан осы екі ұстынның үйлесіміне қол жеткізу – біздің асыл мұратымыз болмақ.

Әңгімеңізге рахмет.

Нұркен ЖАНДӘУЛЕТҰЛЫ

Ақселеу жұмбағы

Несіп ЖҰНІСБАЙҰЛЫ


Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Қазақ қоғамы Ақселеудей асылын жоғалтқанына да жылдан аса уақыт өтіпті.

Адам баласы бұл дүниеге бақытты болу үшін де, қыруар шаруа атқарып, атын тарихқа алтын әріптермен жазу үшін де келмейтін болар-ау. Менің өзіме адам біткен жарық жалғанға сол жалғанның басты жұмбағы – жарық дүние дегеннің не екенін шешуге келетін секілді. Жұмыр жер жаратылғалы миллиардтаған жыл өтсе, соның бірнеше миллион жылынан бері Жарық дүниеде адам тектестер, кейіннен адам кейіптілер, одан соң нағыз адамдар ғұмыр кеше бастаса, солардың арасынан қауашақтарына сұйықтық көбірек құйылған біраз жандар жаратылыстың небір жұмбағын шешіп тастады. Мысалы, жердің доп тәрізді домалақ екенін, тартылыс заңын, дыбыстың жарықтан жылдам екенін, т.с.с. Ал бүкіл ғаламның тұтас жұмбағын шешкен, яғни «Ол кім, бұл не, не үшін?» деген сұрақтардың жауабын түгел берген жан жоқ. Бірақ мен ондай жанның жер бетінде бар екенін сезіп жүргелі біраз болған. Ол Ақселеу Сейдімбек аға еді. Әттең, сол жұмбақтың бар жауабын сұрап алып қалуға тағдыр жазбапты...Теңіздің дәмі тамшысынан болса, соның бәрін білетіндігін бірер саладағы жауабымен-ақ сездірген Ақаң әлгі толық жауапқа адамзат баласының бәрін сусатып, мезгілсіз, асығыс қазасымен өзі білетін жандардың бәрінің кеудесіне сұрақ белгісінің суретін салып, «енді жалғанмен бірге мені де зертте» дегендей, мәңгілік әлеміне ұшты та кетті өткен күзде. Мұнысымен Ақаң да жұмбақ жанға айналып шыға келді. «Ақселеу жұмбағы» деп жатқаным сол сөз басында. Осы бір тұлғасы да қойған атына лайық – Сарыарқаның салқар даласында желді күні шайқалып-теңселіп, иіліп-түзіліп тұратын ақ селеудей, өзі ақ жүзді, қоңыр көзді, биік бойлы, шыңырау ойлы, сұлу сақалды, сұлтан мінезді, арыстан білекті, жолбарыс жүректі, тарихта бұған дейін жасаған ең ғаламат патшаның ғана бас уәзірлігіне лайық, жайған құшағы бала-шағасынан артылып, туған еліне еркін жетіп жатқан жанды білетіндер қалған ғұмырларын осы Ақселеу жұмбағын шеше жүріп өткізеріне менің еш күмәнім жоқ. Әкеліңіз қолыңызды, дәл қазір Сіз де соны ойладыңыз! Ойлатпай қоймайды Ақаңның бейнесі, жазғандары, айтқандары, жүріс-тұрысы, жымиыс-күлкісі, кең маңдайы, қысқа ғұмыры...

Сол мыңның бірі мен едім! Журналистиканың торы атын ерттеп мінген кезеңде Ақаңның ауыз аштырып, көз жұмғызатын очерктері мен толғаулы жазбаларын әуелі «Лениншіл жастан», одан соң «Социалистік Қазақстаннан» оқып жүрдік. Жүзбе-жүз танысып, қол беріп, қол алған кезіміз – Ақаң «Білім және еңбек» журналына бас редактор боп келген жылдары. Бұл өткен ғасырдың сексенінші жылдардың орауын жаңа жазған кездер еді. Осы Несіпбек Айтұлы, Тұрсын Жұртбай, марқұм Жәнібек Кәрменов, өзге де өзегі алтын жігіттер бар, бәріміз Ақаңа жиналып, күнді түнге, түнді таңға ұрып, бәріміз бірге болатынбыз. Сол кезде-ақ Ақселеу аға бізге өнер мен ұлттық құндылық жайлы жабық есік ішінде құпия сабақ береді екен-ау! Ал ол сабақтардың жұмбағын Ақаңдай білетін, Ақаңдай шешіп үйретететін жан болған жоқ шығар. Оны да кейіннен, Ақаң ақиқаттан аңызға айналар жылдар таяғанда ғана сезіне бастағаным қандай аяулы?! Бірақ өте өкінішті!

Ақаңның жұмбағын оны білген жандар бірігіп шешеміз дедім. Соның мыңнан бір тармағы ол кісінің қазақ әні мен күйіне деген кісесіз махаббаты. Өзі әнші (Ақаң ішкі сезімтал дауыспен ән айтқанда, қалт етпей тыңдап қалатынбыз – Н.Ж.), өзі күйші, өзі сазгер... Осы Ақаңның «Дәурен-ай», «Сарыарқа» атты әндері дүние келіп, әндердің алғашқы-орындаушысы Жәнібек Кәрменов қапыда дүниеден озған соң Ақаң да сарқылғандай, үнсіз жүріп қалды. Мен бірде, ішкі жарасы жазылды-ау деген кезде, еркелеп: «Ақа, ана құдіреттей екі әннен соң ән жаз-

бай кеттіңіз ғой, неге?» – дедім. Ақаң өзіне ғана тән құпия жымиыспен бетіме қарап: «Е, ол әндер әнжазғыштарға қазақ әнінің қандай болатындығын шұқып көрсету үшін жазған әндер ғой!» – деді де, ары қарай тереңдемеді бұл тақырыпқа. Сөзінде дән бар еді. Рас, екінші бір себебі Ақаңды ән әлеміне шақырып жүретін шабытының сыңар қанаты Жәнібегінен айырылуы болмас дейсің бе?!.

...Жәнібек 50-ге толуға тиіс жылы ұлы әншіге арналып ән кеші өтті. Ән кешінің соңынан берілген астан қайтар кезде есік көзінен мені көріп қалған Ақселеу аға мейірлене құшағына тартып, маңдайымнан сүйіп тұрып: «Әй, Несіп, мына Жәнібек сұмдық қой, не деген диапозон, не деген шалқар кеңдік?! Әй, бұл Жәнібекке жетер әнші жоқ қой өзі...» – деп өзегі өртене қайталағанда, лап етіп тұтанған өрт ішінде қалғандай болдым.

– Әрине, Ақа, әрине! Жәнібек дара ғой, жалғыз ғой... Жаңа ғана Әсет пен Кемпірбайдың амандасуын айтқанда Бекболаттың өзі сыбырлап, сөйлеп қалған жоқ па?! Жәнібек ол суретті лапылдатып, лаулатып, өршітіп, дауыс биіктігіне жан жалауын қосып, құлындай шыңғыртып жеткізбеуші ме еді?! – деймін.

– Рас, рас, Бекболат та сыбырлап қалды. Құдіреті-ай, мына Жәнібек не деген ғаламат, не деген ғажап?! Жаңағы әндеріндегі не қылған ой, қиял жетпес пафос... Ойпырмай, мына Жәнібек сұмдық қой, ей, ғаламат қой...

Білімі мен білігіне бой жетпек түгілі мың сүңгіп шығатын Ақселеу ағамның бұл таңдай қағысы дәл осы кештегі тұтар медеуім болды. Әлде... осылай бағалаған Жәнібегінен айырған соң ән-аққуы да көліне қонбай кетті ме екен Ақаңның?..

Ақаңның жұмбағын шешу мен үшін ғұмырлық мұрат болғаны болған. Аузыма Ақаң жайлы түскен сөздің бәрін айтып, қолыма Ақаң жайлы түскен дүниенің бәрін алып жатқаным сол. Міне, мына кітабы – «Қазақтың күй өнері» монографиясы Ақаң жұмбағының тағы бір жібек пердесін көтергендей. Бұл жолы ол зерек тарихшы, зерделі зерттеуші, күңіренген күй абызы бейнесінде... Әлгі қазақтың мәдениеті мен өнеріне таудай қызмет көрсеткен Затаевич марқұм ба еді: «Маған қазақ даласы үнемі ән салып тұрғандай көрінеді» дейтін, сол сабаз сөзді бір деталь-мен байыту талап етіліп тұр. Ол сөз «...ән салып және күй тартып» деп келсе жарасар еді. Бұл толықтырудың діңгегі – қолымызға алған Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» монографиясы.

Ақселеу Сейдімбек XX және XXI ғасырдың алып кемелері қабырғаласар кезеңде қазақтың халықтық өнерінің, қазақ мәдениеті және салт-дәстүрлерін өз бесігіне бөлеп алу ісінің, қазақ тілі мен дінінің бір ізге түсірілуіне көзге көрінер еңбек сіңірген айтулы қоғам қайраткері, қаламгер.

Ақселеу – күрескер. Аталған кітабының табалдырығынан аттай бере бәріміздің сұраған «Сауғасынан-ақ» Ақаңның сол күрескерлік бейнесінің күшеймесе солғын тартпағанын көріп, қол соғасың: «Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгүрттікке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіңнен шыққан балаңа «біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал, өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балап жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ», – дейді Ақселеу Сейдімбек. Бұл – салмақты сөз, терең ой, ғаламат ескерту. Бүгінде қазақ боп туса да маймыл болып өсіп келе жатқан бір шоқ этноска ел ертеңі (дәстүрі, тілі, мәдениеті, өнері... – Н.Ж.) бәрібір. Олардың жақсы пәтер, жүйрік көлік және жарқ-жұрқ өмір жалғаса беруін мұрат тұтқанын көре отырып, олардан қан көргендей іргемізді аулақ салмасақ бүкіл ұлттың болашағы бұлдыр дегенді бір бүгін ғана айтып отырмаған қаламгер-ғалым бұл кітабында сол ұлы ойларды өнер табиғатының, оның ішінде күй құдіретінің туу, даму, өркендеу, шарықтау динамикасымен дәлелдейді және бүкіл қазаққа сол өнерінің пірі – күй-мұхитқа шомылып шығуды ұсынады. Қолыңа «Қазақтың күй өнері» кітабын алсаң-ақ сол мұхит ернеуінен аса мөлтілдеп, арғы жағасы көз жетпейтін алыстан бұлдырап, еріксіз өзіне тартып, шомылу аңсаған жанды дереу шешіндіре бастайды...

Таза ғылыми еңбектің биік ғимаратына да сыймай, көпшілік-әдеби жанрда жазылған «Қазақтың күй өнері» кітабы – алғашқы бетін парақтасаң-ақ сені сиқырдай арбап, өз соңынан мұрнын тескен бұзаудай жетектеп алатын ғаламат бір әпсана, таза тарих, ән мен жырға, өлең мен күйге орап ұсынған балдай тәтті әдеби шығарма, жерік астай құныға бас салатын тарихи тұлғалар тізбегінің энциклопедиясы. Кітаптың «Тарихнама» және «Этнографиялық шолу» тараулары оқырманға жалпы көшпелілер өнерінің дәстүрге, қоғамдық ситуацияға қаншалықты байлана туғанын терең дәлелдей жазылған. Бұл тарауларды көз талдыра шолсаңыз, бір ғажап тоқтамға жолығасыз. Ол – көшпелілер өміріндегі ән-жыр, айтыс-дастандар, тіпті бақсылық өнердің белгілі бір аспапсыз айтылмағаны, айтылса да өз биігіне көтерілмегені, яғни халқымыз өзі этнос боп қалыптасу дәуірінде ән мен күйді төл туғызған, қатар тәрбиелеген, ол өнерлер біте қайнасып, бірінсіз бірі жетім көрінген. Ақаң айтты деп емес, өзіміз-ақ бір сәт ой-қиялымызды алысқа ұшырайықшы: тіпті сонау қобыз, жетіген, домбыра дүниеге келмеген кезеңнің өзінде баба-әжелеріміз бесік жырын да, той-томалақтағы өлеңін де әлденеге қосып айтқан болар-ау. Өз басым тым болмаса үй іргесінен кетпейтін қара қазанға қайың ожауды тықылдатып отырып салғандай көрінеді ән мен жырларын. Тіпті керек болса, қазақтың музыка аспаптары да дәл осындай қажеттіліктен туып, тарих доңғалағымен бірге жетіліп, дәл бүгін «нағыз қазақ – домбыра» кезеңіне жеткен болармыз. Бұл да Ақселеу ағамыздың осы ғана емес, бұрыннан жазғандарының жеміс-әсері.

Ауызды «Күй аңыздары» тарауына келгенде кеңірек ашасыз. Бұл бір ғылыми құндылықтарға толы, танымдық-тарихи әңгімеге бөккен, екінің бірі жазуға ниет қылса да оңайлықпен тіс батыра алмайтын пласт. Тереңдігі – шыңырау, қажеттігі – ғұмырдай, өнер сүйер жан үшін ғаламның туу кешіне куә болғандай кесек жазу. Сөзді Ақаңның өзіне берейік: «Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтқанда, қазақтың музыкалық фольклорының бірі ғана қырына баса назар аударылып келгені аңғарылады. Ол – ән-күйлердің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері. Яғни, ән-күйлердің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне ғана мән беріліп келді. Ең талдап сөз еттік дегенде, сол ән-күйлердің музыкалық туынды ретіндегі жанрлық сипаты, ішкі құрылым-бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болып отырды. Алайда қазақтың аса бай музыкалық фольклорының екінші қыры – сөзбен байланысты филологиялық қыры назардан тыс қалып келді. Ән-күймен біте қайнасып жатқан өлең, жыр, толғау, аңыз, әңгіме сияқты көптеген жанрлар музыка зерттеушілері үшін филологиялық объект болып есептел-

се, филологтар үшін музыкалық мұраның объектісі ретінде ескерусіз қалып отырды. Нәтижесінде, қыруар мұраның назардан тыс қалып, жиналмай келуі өз алдына, оған қоса музыкалық фольклордың синкреттіболмысындағытарихи-эстетикалық қадір-қасиеті де толық ашылмай келді. Әрине, мұндай жағдайда музыкалық фольклордың және онымен шендесіп жатқан күй аңыздарының да төл ерекшеліктері туралы ойдың өрбуі мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ халқының тарихи-рухани шежіресінің құнарлы бір арнасы болып табылатын көл-көсір күй аңыздарын жинап бастыруды саралап зерттеудің мән-маңызы ерекше зор. Кезінде академик Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелер жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып, жалғасуымен қатар, ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме, новеллаларын көп айтқан болар еді». М. Әуезов көтерген, жүзеге асуын арман еткен бұл проблема өзінің мән-маңызын әлі күнге жойған жоқ».

Ақселеу айтқан соң сөз қосу артық. Әйтсе де ғалым-жазушы өзім білемдікке де салынбайды «Күй аңыздары» тарауының тартпасын тарихи тұлғаларға, ғалымдар мен өнер зерттеушілеріне кезек тартқызып, өзі қазына жинаушыдай солардан қолсозым жерде жүріп отырады.

Автор әр кезеңді саралап, кейбір ел білетін аңызды даралап баяндап келе жатады да Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Қазанғап, өзге де дүлдүлдер топталған қазақ ән және күй өнерінің алтын ғасыры болған XIX ғасырға келгенде дүр сілкініп, сөз түсінетін адамды дір еткізетін жолдар жазады: «Егер әрбір халықтың тарихтағы орны жалпы адамзат мәдениетінің дамуына қосқан рухани үлесімен өлшенер болса, онда қазақ халқының ұялмай бетке ұстары музыкалық мұрасы болса керек. Бұл орайда, әсіресе XIX ғасырдың алар орны айрықша. Өзіне дейінгі талай ғасырдың сарын-сазынан нәр алған XIX ғасырдағы қазақ музыкасы бойын түзеген арудай сыланып шыға келді де, өзіне бұрынғы-соңғы ғасырларды тәнті етіп, мәңгі ару күйінде қалып қойды».

Қос алақанға әрең сыятын ірі кітаптың мінезі де ірі, көтерер жүгі де жүз батпан. Сөз еткен тарауымыздың өзі жүз тақырыпшаға бөлініп, бас-басына күй аңыздарының бір-бір қырын баяндайтынына, оқырман үшін білмеуге түк қалдырмай, тәптіштеп түсіндіретініне қарап, қарапайым кітапқұмар қорқып қалмасын. Ғалым немесе ғалым-қаламгер қаншалықты терең білімді болса, тақырыпты сіз бен біз үшін соншалықты түсінікті тілмен жаза алады. Осы кітаптың сүбелі бөлігін алып тұрған «аңыздарды» сыртай бір түсініп, бір күмәнданып отырған оқырман «Қазақ халқының ертеден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі бойынша кез-келген күй тартылмас бұрын білікті домбырашы сол күйдің шығарушысы, шығу себебі, күйдің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тағдыры жайында толық мағлұмат беретін әңгімесін айтып алады. Түптеп келгенде, күй аңызы дегеніміз осы» дейтін анықтаманы оқығанда: «Е, мұны өзім де білемін», – дейді еріксіз. Автордың айту мен жазу шеберлігі де осында. Білген нәрсесін әдемі етіп, алдыға жайып сала алуда, Мұқағали ақынша айтсақ, «күпі киген шындықты шапан кигізіп» қайтарып беруде. Ақаң солай істейді.

«Халық күйлерінің аңыздары» аталатын төртінші тараудан ілгері автор бізді білетін, естіген оқиғаларға араластырып, өзіміз ат ерттеп мінгендей сілкіндіре түседі. Бұл бір әуелі терең білім үшін тапжылтпай оқытып алып, енді өмірге араластырғандай – көздің ашылатын сәті. Әрі бұл аңыздар қызықты, көркем, аяулы күйлерге өзек болып, замана қатпарынан жеткен оқиғалардың әрбірінен халқымыздың хандай қадамы, қыздай мінезі, құлдай шыдамы атойлап, оқиға іргесінде өзің жүргендей тізгін қағып отырасың. Осыдан соң-ақ Ақселеу Сейдімбек бізге арнап қос ат жеккен пәуеске арбадан түскің де келмейді, түспейсің де.

Сонау «Ленинші л жас» газетінде тілші боп жүргенінде-ақ өнер тақырыбына жазғандары құлашы кең қаламгер ретінде танытқан Ақселеу Сейдімбек жүрегіне жылдар ұялаған сайын тереңдеп, самайын қырау шалған сайын биіктеп, заман түрленген сайын толысқан зерделі қаламгер-аңыз болып қалыптасқаны көз алдында. Керегі де, кереметі де сол, Ақселеу Сейдімбек – оқырманын орнында қалдырмай, өзімен бірге өрге сүйрейтін жазушы. Бір қарағанда, Ақаңды оқу үшін үш академия бітіру қажет секілді болғанымен, түпсіз терең білімі бар қаламгер үнемі төменге түсіп, ойының сізге түсінікті болуын басты қағидасы етіп алып, қарапайым да қызықты, тербетіп әрі түсінікті етіп жазады. Кітаптың «Байырғы күйшілер» тарауы қандай ұғымды! Қорқыт ата бастаған күйші бабаларымыздың қатарында Асан қайғы ата да, Абылай хан да бар екендігі екінің біріне жұлдыз жерге түскендей жаңалық. Ал Абылайдың «Терісқақпай» күйін Сәкен Сейфуллиннің орындауы – ол да тарихи оқиға, саналыға ой салар сылқым факт. Бар қазаққа ай маңдайлы хан болған тұлғаның осы өнер өрісінде Бұқар бабамызбен арадағы тілқағыс, сөзқағыстары, дәл сол секілді өзге тұлғалардың тарихи, әпсаналық тағдырлары бұл кітапты тек күй, күйші жайлы кең құлашты әдеби-зерттеу еңбектен бүкілғаламдық, жалпыұлттық тарихқа өнер бұлағымен келіп қосқан алып арнадай, ғұлама шығармаға айналдырып жібереді.

Боғда, Махамбеттермен басталып, бүгінгі Қаршыға, Шәмшілермен аяқталатын «Жаңа заман күйшілері» тарауы қазақ күйшілеріне сөзбен салған суреті, ой-зердемен орнатқан ескерткіші, ғылыми-зерттеу еңбегімен жазған Антологиясы секілді.

Күн сайын шаңырағымызда жүз тартылып жататын Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап күйлерін қанша жатқа білеміз десек те, сол күйлердің шығу тарихы, шығу себебі, оған түрткі болған, әсер еткен, туғызған тарихи оқиғалар мен тұлғалар тағдырын автор тостағанға толтырған қымыздай етіп, әрқайсымызға ұсынады кітапта. Іше алмасақ, ішіп алып бойға сіңіре алмасақ бізге серт. Тараудағы тарамыстай мыңға бөлінген оқиғаларды оқи отырып, құдіретті күйдің саусақтан емес, тағдырдан туатынын автормен бірге сіз де мойындайсыз. Күйлерді классификациялау, олардың орындалу ерекшеліктері, орындайтын аспаптар артықшылықтары, домбыра бұраулары, тағы-тағылардың өзі соңына жеткенше тамақ батырмай отырғанда, кезіндегі ұлы композиторлардың бір-біріне күй арнау, күй сыйлау дәстүрін зерделегенде одан сайын ойландырып, сол кезеңнің өнер алыптарының шеруіне тамсана қол соғып, сәт сайын қиял ұшырып қана отырасың. Қазақтың ұлы күйшілері, Ақаңнан оқығандай, бір-бірін бізше білетін болса, сол кезеңде әлгідей ұлы күйлердің тууына аламан бәйгеде бір-бірін тізгінсіз сүйреген жүйріктердей өлшеусіз әсер еткен-ау?!

(Жалғасы 28 бетте)

БЕТБҰРЫС

Серік Смайылұлы туралы үзік сыр



1990 жылдың қоңыр күзі. «Социалистік Қазақстан» газетінен басшымен жараспай қызметтен шығып қалдым. Ендігі ойым жазушылыққа ден қою. «Алматы ақшамы» газетінде «Адасқандар» ақиқаты» аталатын роман жайлы жазылған лабораториялық хикаятым 12 нөмірге жалғаса жарияланып, жағымды мақтаулар есітіп масайрап жүрген шағым. «Ой, мынауың көркем шығармаға бергісіз», «Роман жайында повесть жазған сыншыны кім көрген? Мынауың жаңалық...» Бір қызығы қазақ әдеби сынында «жаңалық» жасап жүрген пақырыңыз қызметсіз...

Алдымдағы ақ телефон шар ете түсті. Көтердім. Шиқылдаңқырап шығатын шыңылтыр үн. Аз-кем амандықтан соң:

- Құлбек сен, бізге М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына қызметке келуге қалайсың?

- Жоқ, Сераға бармаймын.

- Е, неге?

- Роман жазсам деп...

- Сәбит Мұқановтан жақсылық көріп өскен ұрпақпыз. «Алматы ақшамы» газетінде жарияланып жатқан дүниеңмен кандидаттық диссертация қорғатпаймын ба?

- Рахмет аға, ана Сейсенбі, Бейсенбі сияқты кандидат болғанымша, көркем шығарма жазайын. Қоқан, Хиуа хандығының қазаққа қысымы туралы тарихи роман жазуға жиналып жүрмін. Ғалым болмаймын, Сераға!

- Жарайды онда, өзің біл.

Арада екі-үш күн өткен. Тыстан кірген бетім. Баян сөйлей қарсы алды.

- Серік ағай телефондады. Сені қызметке шақырған екен. «Бармаймын. Жазушы боламын»-деп кергіпсің ғой... Әйел емес пе? Сыздықтатты... Серік ағай: «Ана Құлбекке түсіндірсейші, қарағым. Жазушының күні күн болмаймын деп тұр емес пе?! Бізге келсін. Диссертация қорғап алсын. Романын жаза берсін. Уақыттан қыспаймын»-деді. Үлкен басымен телефондап қызметке шақырып отыр. Абзалы аяғыңмен барып жолығып қайтқаның. Берген қызметі ұнаса – істерсің, ұнамаса – жағдайыңды түсіндіріп айтсайшы...

Іле қарағай иісі кеппеген су жаңа «Өтебай Тұрманжанов» аталатын кітабымды қолтығыма қыстым да Академияға тарттым. Абырой болғанда М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директоры орнында екен. Сұраумен қарсы алды:

- Сенің роман жазуыңа аптаның қанша күні керек?

- Алты күні... (Қызметке келмеудің амалы.)

- Онда сейсенбі күні түске дейін қызметке кел, аптаның қалған алты жарым күнінде романыңды жаза бер. Оған дейін «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған «Адасқандар» ақиқатын» машинкаға бастырып маған әкеліп таста...

Осы екі арада хатшысы кіріп келді. Хатшысына бұрылған Серік ағамның айтқаны: «Бақыт

мына Құлбекке «Қазіргі қазақ әдебиеті» бөліміне ғылыми қызметкерлікке бұйрық дайында. Сейіт орнында ма? Маған кірсінші...» Өзі маған қарап сөйлеп отыр. Іле-шала институттың ғалым-хатшысы Сейіт Қасқабасов келіп кірді. Ғалым-хатшыға айтқаны: «Сейіт мына Құлбекті қызметке қабылдадық. Қарсы емессің бе? Қарсы болмасаң, бір-екі күнде диссертациясын бастырып әкеледі. Бір данасын мен санаторийге ала кетейін. Бір данасын Сен алып, таныс, советке дайында...»

...Түс көргендей болып мен отырмын. Алғыс айтып, қызметтен бас тартамын деп келген басым. Санаулы уақыт ішінде Ғылым академиясының білдей қызметкеріне айналып шыға келдім..«Ғылыми қызметкер...»


Ертеңіне директорға қайта кіріп «Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романының творчестволық тарихы» аталатын кандидаттық диссертацияны арнайы жазуға зорға рұқсат алып шықтым.

Жыл, жыл-жарым уақыт ішінде шикілі-пісілі жазылған еңбекпен кандидаттық диссертация қорғадым-ау. Ертеңіне Мәскеуге құжат дайындау үшін кіргенім. «Құлбек, докторлық тақырыбын «Сәбит Мұқановтың жазушылық лабораториясы» атасақ қайтеді?»-дейді... Бір бақытты басыма сыйғыза алмай тұрғанда аяулы ұстаз бақытқа бастайтын екінші қақпаны ашып қойып қарап тұр...

Бас-аяғы үш-төрт жыл беделінде академик Серік Қирабайұлы жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертация қорғадық. Әрине, бірден ғалым болдым деп отырған мен жоқ. О, ол басқа дүние! Әрдәйім-әрдәйім ойланамын. Егер деймін-ау, сол жолы аяулы ұстаз Серік Қирабайұлы мені қинаңқырап ғылым жолына жетелей жөнелмесе, ғылым жасау өз алдына, күнкөрісімнің өзі мүшкіл болғалы тұр екен-ау... Балалық, жастықпен кісі қадірін біле бермейді екенбіз. Сол күн менің өмірімдегі қайырлы бетбұрыс болған екен-ау-деймін толғанып. Қалған ғұмырдың бәрі әдебиет әдебінде – ғылым әлемінде өтіп келеді... Сол күндерге қиял қыдыртып қарасам қазақ әдебиетінің нар тұлғасы, 90 аталатын эверестке ту тіккен Серік Қирабайұлына қарызым шаш етектен екен!

Қазақ әдеби сынымен бірге жасап еселей-еселей еңбек берумен келе жатқан Серік Қирабайұлынан есепсіз жақсылық көрген шәкірті бір мен емен. Республика ішінде, тысында жүз қаралы шәкірті бар ғылымға, сынға баулыған. Олардың әдебиетке көзқарасы әртекті. Ал, Серік Смайылұлына деген көзқарасы біртекті! Өз басым ойлайды: «Егер Серік Смайылұлы жүрегіндегі қамқорлық болмаса сыншы Құлбек Ергөбек болар бәлкім, бірақ филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергөбек болмас еді сірә дә! Әй, әлгі ұзын қарасыны жүзге барып қалған шәкірттің бәрінің де бір дауыспен айтары осы сөз болуы керек!

Құлбек ЕРГӨБЕК.



Нұркен
Жандәулетұлы

ҒҰЛАМА ӨМІРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ



Қалың оқырман қолына «Қожа Ахмет Ясауи» атты фотокітап тиіп отыр. Авторлары Д. Кенжетаев пен З. Жандарбек.

Туынды Қожа Ахметтің мына хикметтерімен ашылған:

«Бисміллә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен ғауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «дәптер сәни» сөзін айттым», міне.

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,
Ашық сөйле жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

Мұнан әрі ҚР Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың пікірлері орын алған. Елбасы: «XII ғасырда Иасы қаласында өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи өз заманының көрнекті ойшылы әрі ақыны болды. Әулиелер иерархиясындағы ең жоғарғы баспалдақтардың бірін иемденді. Ол

ізгілікке жетудің ең дұрыс жолы әділдікті таңдап алып, ағартушылық көмегімен адам баласының кемелденуіне қызмет етті. Қожа Ахмет Ясауи тек діни қайраткер ғана болған жоқ, сонымен бірге ол өмірді оның барлық көріністерімен терең түсіне білетін ірі рухани тұлғаға айналды» десе, өңір басшысы былайша ой өрбітеді: «Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы халықтарды жақындастырады және олардың өзара ынтымақтастығын сезінуге мүмкіндік береді. Әлемнің барлық түркі тілдес мемлекеттері үшін Ясауи ең ұлы әулиелердің бірінен саналады. Оның рухани мұралары аса құнды, ал «Диуан-и Хикмет» кітабы жазылған шағатай тілі бүлінбеген түркі тілінің сұлулығынан ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол гуманизм мен бостандықты жырлай отырып, ізгілік пен әділдіктің үстем болатынына шынайы сенді».

Кітап бес бөлімнен тұрады. Олар – «Ұлы түркі қағанаты», «Ислам», «Қожа Ахмет Ясауидың өмірі мен шығармалары», «Қожа Ахмет Ясауи мектебі», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі».

Еңбек тарихи деректерімен құнды. Мәселен, «түркі» этнонимі туралы көп адам біле бермеуі мүмкін. Кітапта бұл жөнінде қысқа да болса нақты айтылады: «Түркі» этнонимі алғаш рет түркілерді сюннудың (хуннудың) ұрпағы деп есептеген қытай жылнамаларында (542ж.) кездеседі. Алтайда талқандалған 50 мың түтіні бар теле тайпасының әскерін қосып алған түркілер 546 жылы айтарлықтай күшейді. 552 жылдың көктемінде түркілердің көсемі Бомын өз мемлекетінің дұшпаны аварлармен (жуань-жуандармен) шайқасып, оларға күйрете соққы береді. Түркі қағанаты сол мемлекеттің қирандыларынан бой көтерді». Қараханидтер мемлекеті, Сырдария өзенінің аңғары мен оның жағалауындағы қалалар, Ұлы Жібек жолы, діндердің тарихы, түркінің билеушілері және басқалар туралы да қызғылықты мәліметтер беріледі. Кітаптың басты кейіпкері Қожа Ахмет Ясауи екені белгілі. Сол себепті ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығынан кеңірек қанығуға болады.

Туынды авторлары халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері ғайыптан пайда болмағандығын, олар Қожа Ахмет Ясауи пәтуаларының





ізгілікке жетудің ең негізінде қалыптасқандығын тілге тиек етеді. Бұған дәлел ретінде ғұламаның «Фатава танбих» («Пәтуалар көрсеткіші»), «Танбих ат-даллин» («Адасқандарға ескерту») кітаптарын келтіреді.

Әйгілі Арыстан баб пен Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінің бой көтеруіне Әмір Темірдің еңбегі зор екені анық. Кітапта бұл туралы егжей-тегжейлі айтылады. 1396 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен Ясауи кесенесі салына бастайды. Аңызға қарағанда дауыл көтеріліп, құрылыс құлайды. Темір түс көреді. Түсінде бір қария алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбабтың кесенесін тұрғызуға кеңес береді. Әмір оны бұлжытпай орындайды. Осыдан кейін ғана Қожа Ахмет кесенесінің құрылысы алға басады.

Біз сөз етіп отырған туындының фотокітап деп айтылуы жайдан-жай емес. Себебі, мұнда суреттер мол. Және олардың әрқайсысының өзіндік орыны бар.

Жақсы дүние өмірге келді деп сеніммен айта аламыз. Әсіресе, түркі әлемнің өткеніне қанығуда аталған кітаптың көмегі зор.

Редакциялық кеңестің жетекшісі ОҚО әкімі, руханият жанашыры Ж.Қ. Түймебаев екенін ескерте кетейік.

Бір ауыл – бір кітап

Жуырда Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени этнографиялық орталығында орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ұжымының ұйымдастыруымен «Бір ауыл – бір кітап» акциясы аясында ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер Ілияс Қожабаевтың шығармашылығына арналған «Көкіректе көп арманды мазматып...» атты әдеби-композициялық кеш өтті.

Биылғы жыл, Түркістан қаласының мәдени астана деп жарияланған айтулы оқиғасына орай, Ілияс Қожабаевтың өз оқырмандарымен жақынырақ қауышатын жылы болғалы тұр. Жазушының қай шығармасын алып қарасаңыз да, өзі өмір сүрген қоғамның кесір-кесапатын бүкпесіз айтып, керек жерінде айтпақ ойын ауыл адамдарының қилы мінезімен, пенделігімен жеткізуге асыққанын байқайсың. Толғантып тастайды, ойланып тастайды. Қаламгердің шағын өлең-әңгімелерінен бастап, көсемсөзіне дейінгі бүкіл дүниесінің айтпағы – шындықтың шырайы, ауыл тіршілігі, қарапайым адамдардың мұң-зары. Әңгіме жанрында саятшылықты, аңшылықты суреттеп, соны із, өзіндік өрнек салған Қожабаев үлгісі қазір уақыт таразысынан, тарих сынынан сүрінбей өтіп, келер ұрпақ санасына нық табан тіреп келеді. Кейінгі жылдары мектеп оқушыларының Ілияс әңгімелерін жатқа оқи бастауы оның ұрпақтар сабақтастығында ұмыт қалмайтынын, балалар әдебиетінде өз орнын алатынын, ауыл қазағымен бірге жасай беретінін көрсетті.

Іс-шарада жазушының биылғы жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Жусан иісі», «Шөре мен Шәрипа», «Нәрлі бұлақ» кітаптарының тұсауы кесіліп, жазушы өмірінен түсірілген арнайы деректі фильм, Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрының әртістері әзірлеген шағын қойылым тамашаланды. Әдемі кешке Кентау қаласының әкімі Әбдібақыт Мақұлбаев, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғани Рысбеков, жазушылар Елтай Бимағамбетов, Нұрмахан Назаров, қаламгердің замандастары мен рухани достары, шәкірттері мен ағайын-тумалары, Сауран Елеуов пен Бекжігіт Сердәлі бастаған өнер адамдары қатысты.

Ұлттың ертеңгі тірек-таянышы бүгінгі ұл-қыз, ертеңгі келер ұрпақ десек, бұл іс-шараның жазушының төл оқырмандары мен балалар санасында ұзақ уақыт сақталып қалатыны даусыз.

Елдос ТОҚТАРБАЙ
әдебиетші

ТЕКТІНІҢ ҰРПАҒЫ

Қазақ айтады: «Жақсының ұрпағы», «Асылдың сынығы», «Тектінің тұяғы», «Көненің көзі» деп. Осындай жақсы сөздің бәріне лайықты жан –Мүгілсім Қадырқызы (құжатта – Абдулқадыр) Сырттанова. Мүгілсім Қадырқызы – Алаштың айбоз ұлы, қазақтың алғашқы конституциялық еңбегінің авторы, Алаш қозғалысының теориялық негізін салушылардың бірегейі Барлыбек Сырттанұлының туған немересі екен.

Алаштану бағытында ізденіп, ақтаңдақтар мәселесін аршып, қатпарлы тарихын түгендеуді қолға алған соң, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің 100 жылдығы аясында бүгінде есімі көпке белгісіз, бірақ, қазақ халқы үшін атқарған қызметі орасан зор тарихи тұлға – Барлыбек Сырттанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырнамасын арнайы зерттеуді жөн санап, осы қайраткер жайында білетін шығармашылық адамдарымен байланыс орнатып, Алаштың дегдарына қатысты тарихи құжаттар мен мәліметтерді ел арасынан жинастыруды бастадық. Сонымен, тұлғаның ұрпағын қалай тапқанымыз жайында айталық:



Кәке Сырттанұлының жанұясы. Солдан оңға қарай 1-қатарда: Гүліш (Кәкенің әйелі), Әниса, Әсет, Кәке; 2-қатарда: Төле, Мүгілсім

Әуелі, Барлыбектің атын ұлықтап, ауылдық округке қайраткердің атын берғізген, бүгінгі Б.Сырттанов ауылдық округінің әкімі Майра Әбішевамен сөйлесіп, тарихи тұлға туралы тұщымды деректер білетін көнекөз қариялардың байланыс құралдарын алдым. Ауыл басшысы Майра Есімқызының нұсқауымен, осы жылдың 23 қаңтарында белгілі қоғам қайраткері, ғалым, қазақтың қайраткер қызы Гүлша Тәңірбергенқызымен кездесіп, мәнжайды баяндап, ол кісіден бірқатар құжаттарды алған едік. Қолға түскен тарихи құжаттар – Гүлша апайдың әкесі, белгілі қаламгер, өлкетанушы Тәңірберген Қалилаханов есімді ақсақалға тиесілі. Кезінде бұл кісі Алаш қайраткерінің ұрпақтарымен жақын араласып, Бәкең жайлы ғылыми-ізденіс жұмысын жүргізіпті. Бұны – біздің қолымызға түскен құжаттар айғақтайды.



Мүгілсім Қадырқызы және жас ғалым Елдос Тоқтарбай

Тәңірберген атамыздың жеке мұрағатындағы құжаттың бірі – Кәке (Абдулқадыр) Барлыбекұлының өмірбаян үлгісінде жазған күнделік-дәптері. Әлгі дәптерде: «Үлкен қызым Қарағандыдағы глазной институт врач және мединститутта мұғалім, партия мүшесі; Ортаншы қызым Кеген ауданында врач- ВЛКСМ; Кіші қызым – ВЛКСМ, Алматы мединститутының соңғы курсында оқып жүр. Үлкен


Мүгілсім Қадырқызы және профессор Н.Бейсембекова

ұлым Совет минстірде; Ортаншым автошколда – мұғалым – инструктор; Кіші ұлым, зам.министерства автотранс соңғы қызымнан басқалардың бәрі де семья құрған. Немерелерім өсіп жатыр. Алды институттың 5 курссінде. Кішілері дет.сад, бесекте», - деген мәлімет кездеседі. Осы мәліметті оқып алып, оның ұрпақтарымен кездесу керек деген ойға келдік. Содан Кәкенің ұрпақтарын ел арасынан іздестіріп, мекен-жайларын анықтай бастадық. Әуелі – Қарағанды қаласында тұратын ұрпағы жайында мәлімет таптық. «Индустриальная Караганда» газетінен «Не забывай имя свое» (авторы – Л.Тусупбекова, 2002 жыл, 27 қарашасындағы саны) деп аталатын мақаланы байқап, оқып шыққан соң, Мүгілсім әжеміздің сол жылдары жасы 80-нен асқанын біліп, «әжеміз қазір бар ма екен?» деп біресе үміттеніп, біресе күдіктеніп, қарағандылық таныс ғалым аға-апайларыма хабарласып, іздестіру жұмысын жүргіздік. Содан не керек, т.ғ.д., профессор Ж.Артықбаев, өлкетанушы Т.Аршабеков, т.ғ.к., профессор Н.Бейсембековаларға хабар бердік. Ақырында профессор Н.Бейсембековаңың көмегімен қазіргі уақытта әжеміздің тірі екенін, ортамызда аман-есен жүргенін естіп, бір сәт болса да, аттай тулаған жүрегіміз байыз тауып, күдігіміз сейіліп, үмітіміз арты.

Мүгілсім Қадырқызы Сырттанова – Отандық медицина саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан білікті дәрігер әрі медик-ғалым. Ол – КСРО Денсаулық саласының үздігі. Қаншама науқастың дертіне араша түсіп, аса күрделі оталарды жасаған екен. Бәлкім, сол науқастардың тілегі болар, әжеміздің арамызда аман-есен жүргені. Бәлкім, атасы Барлыбек, әкесі Қадырдың қуғын-сүргіннен көз ашпай, мезгілсіз үзілген тағдырларының өтеуі – осы қыздың маңдайына жазылып па екен?!

Нұрсахан Ахметқызынан әжейдің байланыс нөмерін алған едім. 14 ақпан күні Мүгілсім әженің үйіне телефон соқтым. Тұтқаны өзі көтерді. Халахуалын сұраған соң, өзімді таныстырып, атасы Барлыбек Сырттанұлы туралы зерттеу жұмысын қолға алғанымды қысқаша баян еттім. Әжем бұрын-соңды мұндай тосын әңгіме боларын күтпесе керек, толқып, ұзағырақ көңілін босатып, көз жасын сығымдап алды. Өзінің 96 жаста екенін, екі көзінің де көрмей қалғанын, менің әбден кеш хабарласқанымды айтып, қиналып сөйледі. Мен де әңгімені ұзаққа созбай, «ұлыңызбен сөйлесіп, кездесу уақытын белгілеп, таяу күндері үйіңізге барамын» десем керек.

Содан не керек, көптен күткен кездесудің сәті – 18 ақпан күні түсті. Сенбі болған соң, түске таман Астанадан Қарағандыға жолға шықтым. Мені ол жақтан журналист, қанаттас дос Нұрлыхан Қалқаманұлы мен тарихшы-ғалым, профессор Нұрсахан Ахметқызы, журналист, «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі Жәнібек Әлиман үшеуі күтіп алды. Тұптура 14:25 –те Ленин көшесі №46 үйдің 1 пәтердің қоңырауын басып, ішке ендік. Әжеміз өзі қарсы алып, ашыла сөйледі. Әңгіме ауаны – XX ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі, Барлыбектің жанұясы, оның айналасындағы адамдар төңірегінде болды. Әженің жасы ұлғайса да, көңіл-зердесіне көлеңке түспеген екен. Өткен күннің уақиғаларын бүгін көріп отырғанындай қылып айтқанында, жантүршігерлік зұлымдықтарды естіп, денең тітіркеніп, қорқып кетеді екенсің. Мүгілсім әже дүниеге келген сәтінен бастап қазақтың ата салты бойынша, әжесі Еркежанның бауырында өсіпті. Барлыбектей азаматтың жары болған Еркежан оқып-тоқымаса да, жазылмаған дала «заңын» жақсы меңгерген, жақсының жары бола білген адам болыпты. Еркежан әжесіне ілесіп, бала күнінен Қапал, Ақсу өңірін аралап, жақсы адамдармен, зиялы адамдармен араласып, Мамандай атақты байдың балаларын көрген Мүгілсім әже – өткен


Мүгілсім Қадырқызының жеке кітапханасында

тарихтың шынайы куәгері екенін түсініп, аузынан шыққан әр сөзін мұқият тыңдап, таспаға жазып отырдым.

Осы арада таспаға жазылған әжеміздің әңгімесінен бірер мысал келтірейін: «Е-е-е баламай, өткен заманның салқыны біздің әулетке өте қатты тиді. Әсіресе, атам өлгеннен кейін үйге тінту, бақылау жұмыстарымен НКВД жендеттері жиі келе бастады. Олар әрқашан келген сайын үйден береке қашып, маза кететін еді. Бір күні Еркежан әжем екеуіміз Сүттегеннің арғы жағындағы Ақсу ауылына қонаққа барып, үйге келсек, қара киім киген әлгілер тағы да келіп, үй ішін тінтіп жүр екен. Сандықтың түбіндегі дорбадан көптеген фотосуреттерді алып, атаммен

бірге естелік суретке түскен адамдардың әрқайсысын әжеме шұқып көрсетіп, «мынау кім?», «анау кім?» деп тергеп, жауап алған болатын. Кейін студент


Мүгілсім Қадырқызы

болған шағымда, сол фотосуреттегі ағалардың бәрін 1937-1938 жылдары репрессиялап, «халық жауы» деп аттырып тастағанын білдім ғой. Жүрегім сонда қан жылады. Сөйтсем: әлгілер осылай зиялылардың үйлерін аралап, бас көтерер азаматтарды құрту үшін факт жинап жүр екен. Барлыбектің көзін көрген, онымен аралас болғандардың бәрін де құртыпты. Барлыбек өлгеніне дейін бақылауда болыпты. Оның балалары да құғын-сүргіннен көз ашпады. Немерелерінің біразы тектерін ауыстырып, аман қалды. Әйтпесе, оларды да құртар ма еді.

Барлыбектің үлкен ұлы – Қадыр әкем қазақ интеллигенциясымен өте жақын араласты. Үйімізге М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ф.Ғабитова, О.Жандосов, Қанабек, Күләш Бәйсейітовтер келіп тұратын. Әкем уағында жауапты қызметтерді атқарған еді. Барлыбектің немерелерінің көбі дәрігер болып, медицина саласына келді. Мен – көз дәрігерімін. Осы Қарағандыдағы мединститутта оқытушы болдым. Сіңлім Әниса да дәрігер, Алматыдағы Мединститутының доцент, медицина ғылымдарының кандидаты. Менің үлкен ұлым – Нұрлан да дәрігер, осындағы мединститутта кафедра меңгерушісі, ғалым.

Барлыбектің немерелері де еліміздің дамуына үлкен қосты. Мысалы, уағында Сара Дәрібекқызы байланыс министрінің орынбасары, Әсет Абдулқадырұлы энергетика министрінің орынбасары, Самед Абдулқадырұлы автотранспорт министрінің орынбасары, Төле Абдулқадырұлы газ министрінің орынбасары болды. Ал, Самұрат Дәрібекұлы – қазақтан шыққан алғашқы генералдардың біреуі. Жалпы, Барлыбектің біраз ұрпағы ғылыми дәреже қорғап, ғылым саласында еңбек етіп жүр.

Әже, сөзіңіз аузыңызда, Барлыбек атаңыздың «Дәрілік өсімдіктер» деп атаатын еңбек жазған естідік. Соған қарағанда атаңыздың дәрігерлік қасиеті болып па еді?

Барлыбек атамның көзін көрмедім деп айттым. Әжем бізге атамыз жайында көп нәрсені ашып айтпайтын еді. Ол заман бүгінгідей еркін уақ емес еді. Сондықтан әжем сақтанып, сақ жүретін. Әйтсе де атам Петербордан оқып келген соң, Жетісудың дәрі-дәрмекке пайдалы шөптерінің қасиетін біліп, оны емдомға қалай қолдануы керек екенін жазыпты. Барлыбек атамның есімін халыққа танытқан ғалым Сәкен Өзбекұлы деген азамат әкемнің қарындасы Қанипа апайымнан атамнан әлгі өзің айтқан еңбегін алыпты. Сол кісі оның осындай үлкен еңбек екенін айтқан болатын. Атамның көп дүниелерін, құжаттарын әжем жерге көмдіріп тастапты. Соны Қанипа апам білген екен. Кейін заман тыныштанған шақта, өзі қазып алып, сақтаған екен. Оны кейін білдім ғой. Атамнан тараған балаларының қай-қайсы болмасын елге қызмет етті ғой. Дәрігерлік мамандықты таңдағандарына да сол себеп болған шығар. Айтпақшы, атамның ағасы Кенжеханның ұлы – Қанатхан ағамыз «Алаш» әскер полкінің құрамында болыпты. Әжемнен естіген едім», - деген еді.

18 ақпан – менің жүрегімде, жадымда мәңгілік сақталары анық. Себебі: бұл – Барлыбектей тұлғаның жеке ғұмыр жолына үңілудің басы еді. Хайырлы болсын, ертеңім... Иек астындағы ертеңімнен күтерім көп болып тұр. Әуелі Жаратқан Хақ Тағала маңдайымызға жақсылығын жазсын, Алаштың қыран рухы қолдасын деп тілек тілеймін бұ жолда.

PS: *Кейінгі уақыттажиі ойлаймын: XX ғасырдың басында «елім», «жерім» деп Патшалық Ресейдің отарлық езгісінен ұлағайыр мына атырапты қорғау үшін бастарын қатерге тіккен Алаш серкелерінің*


Ғалым Елдос Тоқтарбай мен журналист Жәнібек Әлиманның Б.Сырттанұлы мұрасын екуеара талқылау сәті

өздері де, ұрпақтары да тағдырдың тауқыметін тартып, мехнатын кешті ау. Ел ішінде осы Алаштың ұрпақтарынан өсіп-өнген жақсылар бар емес пе, неге соларды іздемеске! Дүниенің төрт бұрышына қазақ босып, бас сауғалап кеткенде, нені жоғалтып, неден айырылғанымызды да толық білмейміз. Ащы болса да айтуға тиіс шындықтың бірі – бүгінгі осы қара қазақ кешегі қабылан азаматтарының ғұмырнамасын да жетік біле бермейді. Айта берсек, қазақтың түгенделмеген мұрасы, бағасын алмаған тұлғасы жетерлік екен. «Ай, айналайын-ау, қазақтың есесі кеткен тұсын қайтарып, жоғын жоқтап, өшкенін жандырып, өлгенін тірелтетін уақытта бос жүріп, далбалақтау жарамас» деп өзін-өзі жігерлендіретін жасөспірімдер мен жастардың қатары көбейсе екен... Алаштың мұрасынан тағылым алып, ел арасындағы ұрпақтарын таныта берейікші...

Мыңжан БАЙЖАНИН
журналист

БАТЫРДЫҢ бес ерлігі

ЭССЕ



«Вашингтондағы Дүниежүзілік авиация мұражайында әлемдік авиацияға еңбегі сіңген адамзаттың ең таңдаулы он азаматының аты-жөні мәңгілікке алтын әріптер¬мен құйылып жазылған. Әлемдік деңгейде әбден сүзгіден өткен бірегей сол тізімде қазақтың батыр тұлғалы баласы Тоқтар Оңғарбайұлы ӘУБӘКІРОВтің есімі ҮШІНШІ болып тұр! Неткен мерейлі мақтаныш!»

...Менің бала кезімде біздің ауылдың шөбі шалғын шығатын. Қалың қамыстың арасынан, шоқ шеңгелдің ортасынан, жуан жыңғылдардың нуынан қырғауыл мен кекілік дүр-дүр көтерілер еді. Мол суы «аузы-мұрнынан» асып, әне-міне тасығалы жататын асау Сырдарияның ен арнасын талай жасанды тоғандар тартқылап, сан-саққа ала қашып жататын. Судағы тарпаң шортандар асыр салып, биікке шолпылдата секіргенде, ат бойындай деңгейге жететін...

...Ғарыш алаңы ашылғалы, Байқоңырдан у шашылғалы әлгі ғажайып байлық пен табиғаттың сансыз тамашасы бірте-бірте азайып, ақыры, ізім-қайым болды. Арал теңізінен Камчатка түбегіне дейін созылған Байқоңыр алып ұшу алаңы – қанша жерден «елді мекендерден қашық, экватор жазықтығына жақын, зымыранның ұшуына қауіпсіз, қайта қонуына қолайлы» десек те, ең қымбат қазынамыз – туған табиғаттың өзегіне жегіқұрт түсіріп, ширек ғасырдан астам кезең кертіп-кеміріп жатыр...

Жергілікті қоңыр қазақтың тағдыры қылүстінде қалып, елестімеген сырқаттарға шалынды. Байқоңыр кешенінен еліміздің аумағына жылына 30-35 мың тонна улы заттар тарайды. Зымыран қалдықтары Қарағанды, Павлодар, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстарының аумақтарына дүркін-дүркін құлап, мал-жанның тамырына балта шапты. Қызылорда жұрты – Сыр топырағының сырбаз елі жылдар бойы жарымжан туылып, жергөгінде тұншықты...

Мекіренген меңіреу Мәскеу дүниежүзіндегі ең бірінші Жердің жасанды серігін орбитаға шығарып, 1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Гагаринді қазақтың Байқоңырынан «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттандырды.

Бағы тайып, баяны азайған Байқоңырдан Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, Айды, Марсты және Шолпанды зерттеуге арналған зымыран тасығыштар тынымсыз ұшырылды.

Мінеки, сол сойқан-сұмдық жалғасқалы 57-ші

жылға ілікті…

***

…1991 жылдың 16 желтоқсанында қазақтың ұлы даласында ақ атанның қарны жарылды: кіндік жері үшін алау қаны – асау Жайықтай жермен-жексен толқи аққан бабаларымыз бен көз жасы көлдерді толтырған аналарымыздың кегі қайтты, арманы орындалып, аңсағаны орнады. Қазақ ұлты еңіреген еркіндікке жетіп, Тәуелсіздігін жариялады!

Тұп-тура екі жарым ай бұрын, яки, 1991 жылдың 2 қазанында тұңғыш қазақ ғарышкері, тұңғыш түркінің ұрпағы, тұңғыш мұсылманның баласы Тоқтар ӘУБӘКІРОВ «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа аттанды…

…Тоқтар ӘУБӘКІРОВ Байқоңыр космос кешенінің ашылуынан 9 жыл бұрын шыңылтыр шілдеде атышулы Қарқаралы топырағында дүние есігін айқара ашыпты. Асқар таудай әкесі Әубәкір мен алақаны аялы анасы Қамия пәниге қуантып келіп, күңірентіп шетінеген 9 ұлдан кейінгі перзенттеріне: «Тоғызын өзі беріп, өзі алған Жаратқан Иеміздің жақсылығы теңіз, рақымы шексіз ғой, енді тоқтасыншы, осы бір күнәсіз шаранамызға ұзақ ғұмырын берсінші!» – деген пәк ниет, таза пейілмен сәбидің есімін «Тоқтар!» деп, азан шақырып қойыпты.

Шынымен, ата-ананың кіршіксіз көңілі, мөлдір пейілі қабыл болды. Мәжнүн жұбайлардың жүректері сабыр тауып, көз жастары құрғады, сәбилері Тоқтар күн санап толықсып, үміт-жалындарын лаулатты. Бірақ, бәлкім, іштегі лықа толы өкініш-қайғысы мен мұңзары іштей үңгіп, там-тұмдап тауысты ма екен, қайран әкесі дүниеден тым ерте өтті. Шынайы жанашырынан мәңгіге көз жазып, көңілі құлазыған Тоқтар бөлекше бұйығылау, оңаша-оқшау болмыспен өсіп-жетілді…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…Мен әкемнен ерте жетім қалдым. Жеті айға толар-толмас шағымда әкей дүниеден өтіп кетіпті. Шешеміздің қолында үш бала қалдық. Екі әпкем де уақыты келгенде, отау құрды. Әкей дүние салған соң, екі жыл өтпей, бір жездем шешем екеумізді қолына алды. Ол кезде жездем Теміртау қаласында тұратын.

Маған мақсатқа жетуді анам үйретті. «Айналаңдағы адамдарға жақсылық жаса, жасағаның өзіңе жақсылық боп қайтады. Саған қайтпаса, балаңа қайтады. Әйтеуір, жақсылық ізсіз кетпейді», дейтін…

Тәрбиені маған өз шешем мен әпкелерім берді. Қазір анам мен бір әпкем арамызда жоқ. Екінші әпкем бүгінде 71 жаста, Теміртауда тұрады.

Бір уақыттары, үш жарым жылдай, шешей екеуміз ауылда жеке тұрдық. Өйткені, Теміртаудың суы ол кісіге жақпай, қатты ауырды. Ақыры, ауылға қайыра көшуге тура келді. Ол кісіні ауыл өмірі ерекше тартып тұратын. «Ауыл» десе, өзегін жұлып беретін. Тіпті, ауылды ойлап-уайымдап, қатты сарғайып кетті.

…Ауылда тұрған күндерім әлі көз алдымда. Бүгін шешемнің берген ақылы, көрсеткен үлгісі, тәрбиесін үнемі есіме алып жүремін. Шешем маған ешқашан ұрыспайтын. Ақырын ғана: «Балам, ешкімді ренжітпе, ешкімнің ала жібін аттама!» дейтін, жарықтық! «Түзу жүрсең, ашығын айтсаң, ертең осы мінез саған жақсылық әкеледі!» деуші еді, үнемі.

«Таза бол!» деген шешемнің асыл сөзін мен бүгін кім-кімге де айтамын. Осы сөздерді мен өмір бойы ұмытқан емеспін. Сол тазалықпен, Құдайға шүкір, жақсы өмір кешіп келе жатырмын…»

…Кеңестің кесапат саясатының кесірінен Тоқтар да титтейінен қазақтың сөзін аз есітіп, қазақтың мінезін кем көріп өсті. Теміртау қазақтың қаласы болса да, тұрғылықты халықтың 94-96 пайызын орыстар құрады. Көше бойында, жұмыс барысында жастардың ортасында, әсіресе, қазақ пен орыстың арасында жиі қақтығыстар мен төбелестер болып тұратын. Қазақтың намысы сынға түскен сәттерде жас Тоқтар жасындай жарқылдап алға шығушы еді. Оқу барысында да, жұмыста да Тоқтар қазақтардың орыстардан артық болмаса, мысқалдай кем еместігін әрқашан айқын дәлелдеумен болды…

Қалың орыстың ортасында өскен Тоқтар орысша ойлап, орысша сөйледі, орысша өлең айтып, орысша биледі. Орыс тілінде таза орыстың өзінен жақсы сөйледі…

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Бір кезде біздер орыс тіліне бас идік. «Дүние – кезек» деген, ендігі кезек біздікі, олар да енді қазақ тілінде сөйлесін. Осылай болуы керек. Енді орыстар да: «Міне, қазақ – қандай қиындықтарды жеңіп ел болды, бұлардың тегі мықты екен!» – дейтін құрметпен қазақтың тілін үйренуі керек…

…Өз басым бойымдағы қуатты намысты тежей алмадым. Әрине, ол алапат күш-жігерді айқай мен төбелеске емес, іске, білімге салудың дұрыстығын ерте сезіндім. Намыспен оқыдым. Жақсы оқыдым. Жұмысты да намыспен істедім. Жақсы еңбек еттім. Теміртауда бүкіл зауытта екі-ақ қазақ болдық.

Әкем керемет ұста болыпты. Мүмкін, маған әкемнен жұққан шығар… Әкемнің көзін көргендер: «Қолынан келмейтіні жоқ» деп отыратын. Ағаштан да, темірден де түйін түйіпті. Қысқасы, маған темір қай жағынан да жақын болды. Төрт жылдың ішінде кешкілік 8-ші, 9-шы, 10-шы, 11-ші кластарды бітірдім. Таңертеңнен кешке дейін зауытта жұмыс істеймін, кешкісін мектепте сабақ оқимын. Үш жарым жылдай токарь болып жұмыс істедім.

Осы уақыт ішінде менің фотосуретім зауыттағы озат жұмысшылардың «Құрмет тақтасынан» түспей тұрды. Бір уақыттары кейбір адамдардың суреттері түсіп қалады. «Құрмет тақтасы» түрлі адамдар суретімен толығып отыратын. Ал, менің фотосуретім өмірі тақтадан түскен емес. Үшінші жылы менің суретім облыстық «Құрмет тақтасына» қойылды. Мәскеуге оқуға кетер алдында жоғары жақтан мынадай бұйрық келді: «Зауыттың озат жұмысшысы, тәжірибені көп жинақтаған Тоқтар Әубәкіровтің аты-жөні алтын әріптермен облыстың «Құрмет тақтасына» жазылсын!».

Басшылар менің жұмысым үшін еш алаңдаған емес. «Әубәкіровті тексерудің қажеті жоқ» дейтін. Осы өткен жолдарымның барлығында абыройлы жұмыс істедім».

Тәтті қиялдың шырмауынан босай алмайтын өрімдей 18 жасында осыншама тамшылата тер төгіп, осыншама абырой-беделге жеткен жасөспірімді қай кезеңде де жолықтыру оңай емес…

Сұрапыл соғыс дүйім елді әбден титықтатып, әрең тәмәмдалған кезеңде Тоқтардың ерлік пен батырлық рухы – алаулаған жалындай бет қарпып тұр еді. Аяулы анасынан ертерек ажыраған бала

Тоқтар, ең алдымен, «Анамның ақ сүтін ақтаймын!» дейтін дұр ынтамен, «Анамның адал атына титтей кір жұқтырмаймын!» деген таза пейілмен, «Анашым мен үшін мұңаймасыншы!» дейтұғын асқақ ой, жасын шабытпен бар жан-тәнін аямай еңбек етті, білім қаузады…

Бірінші ерлік: Тағдырдың хаты

…Жаны да, жалы да сұлу жылқы жануар әу бастан киелі көшпендінің сенімді серігі, сырбаз сырласы, қуатты қанаты болған. «Жылқымінезді» қазақ бабамыздың талайым тағдыры тұяғы болат, шабысы пырақ талғампаз жануармен ғасырлар бойы біте қайнасқан.

Бала Тоқтардың жас күнінде үйінде жылқы болмады. Көрші-қолаңның биесін тұсап, құлынын ұстауды місе тұтты. Зәуде, көңілі алакеуім бала Тоқтар шалғында шалқасынан жатып: «Әттең, әкем тірі болса, біздің үйде де жылқы болар еді-ау…» – деп, мұңаятын… Әкесінің қамқор алақанын аңсады ма, әлде, жұтатқан жоқшылық зәрезеп етті ме, Тоқтардың балалық көңіл-қиялы: «Өскенімде менің үйімде, міндетті түрде, жылқы болады» – деп, шешетін…

Қазір Арқаның алтын кіндігінде Тоқтар батыр күн сайын Абылайдың атының тұяғы таптаған топырақта тұлпарға мініп, серуен құрады. Астананың іргесінен орын-жай салған ғарышкер-батыр жануарларға ерекше күтім қойып, жылқы асырап отыр. Жылқымен шабуға да, жылқыны бағуға да уақытын аямайды. Батырдың жылқылары шетінен сұңғақ, тегісімен сұлу. Мінездері де мығым, кербез, келісті.

Осқырынған асауын ауыздықтап, Арқаның белінде жүрісінен жаңылмайтын жорғасымен серуендеген Тоқаңның ойы кей-кейде сонау арман-алысты да, заңғар ғарышты да шарлап кетеді…

…Әдетте, ұшқыш болуды аңсамайтын балақай болмайтын сияқты көрінеді. Әйткенмен, мұның өзі тылсым табиғаттың мыңсан құпиясының пенденің болмысына тән ерекшелігі ме деймін. Анасының тәлімін сіңіріп, мейірімді апасы Бикен мен жайдары жездесі Нығметтің тәрбиесін алған жеткіншек Тоқтар кішкентайынан алдына үлкен мақсаттар қоюға дағдыланды. 3-4 жасында-ақ «Ұшқыш боламын!» деген арман ұялады көкірегіне. Басты мақсат-мүддесі қиял қалпында қалмауы үшін өз-өзін қимыл-әрекетке сүйреді…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…Анамның алдында өзімнің ер жігіт екенімді көрсеткім келді. Бұл бергі жағы. Ал, арғы жағын айтар болсам, ол – қазақтың намысы. «Біз де, қазақтар, жұмыс істей аламыз! Ісіміз ешкімнен кем болмайды!» деген намыс болды…»

…Балалық қиялына қанат бітіріп, тар жол, тайғақ кешулерден тайсақтамаған Тоқтар, ақыры, ұшқыштық ұшқыр арманына да қол жеткізді. Әскери училищені тәмамдап, Қиыр Шығыста, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери қызметін жалғастырады. Төрт жыл шамасы СУ-15 ұшағында қарымды қабілетін көрсетіп, Қиыр Шығыстың «Ең үздік ұшқышы» атағын иеленеді.

Болашақ бақ-баянына қарай, «МиГ» фирмасының атышулы сынақшы-ұшқышы, Кеңес Одағының Батыры А.Федотовпен кездескен қарадомалақ қазақтың баласы «сынақшы-ұшқыш болуға» беті қайтпастай, бекем бекінді. Табыстары татымды көрінгенімен, қайсар мінезді Тоқтардың ойынан «сынақшы-ұшқыш болу» арманы алыстамай, сынақшы-ұшқыштар мектебіне қайта-қайта сұранды.

Күндердің-күнінде сенімі сетінеп, үміті азайған Тоқтар Қазақстанның жетекшісі Дінмұхаммед ҚОНАЕВҚА мынадай хат жазды: «Мен, Тоқтар ӘУБӘКІРОВ, аға лейтенантпын. «Сынақшы-ұшқыш» болғым келеді. Оған денсаулығым да, білімім де жетеді. Барлық сынақты ойдағыдай тапсырдым. Бірақ, Қорғаныс министрлігі мені жіберетін емес. Қазақтың бір баласы «сынақшы-ұшқыш» болса, несі жаман? Маған осындай мүмкіндік жасауға қол ұшын беріңіз!..»

Димаш атамыздың дәурені дүркіреген кезең болатын. Димаш Ахметұлы – КОКП Саяси бюросының толық мүшесі, КСРОның басшысы Леонид БРЕЖНЕВТІҢ жақын досы.

Әп сәтте, КСРО Қорғаныс министрі А.Гречконың тікелей тапсырмасымен Тоқтар ӘУБӘКІРОВ Мәскеудегі Авиация өнеркәсібі министрлігіне қарасты «МиГ» авиация фирмасына ауыстырылады. «МиГ-23»-тен бастау алған сынақтар «МиГ-29» ұшағына дейін жалғасын тапты.

1988 жылы Тоқтар ӘУБӘКІРОВ Кеңес Одағының тарихында тұңғыш рет жерге қонбай, әуе кеңістігінде ұшаққа 2 мәрте жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен іске асырды. Реактивті ұшақтардың 50-ден аса жаңа түрлерін сынақтан сүрінбей өткізді…

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Ресейдің маңдайалды әскери мектебінде оқыдым. Маған Ресей: «Қиыр Шығыстың ең мықты ұшқышы!» деген баға берді. Мұның түбінде қазақтың намысы жатты. Менен басқа ол өңірде бір қаракөз жоқ.

…Кезінде бізді олар қалай мазақ қылғанын сіздер жақсы білесіздер. Сол сөздер маған қатты бататын. Үнемі осыны ойлап намыстанып жүрдім. Тіпті, көбісі ғарышқа ұшқанымды көре алмай жатты. «Ол қалай бізден артық ұшады?!.» – деген күңкіл сөздерді де айтумен болды. Аллаға тәуба! Қазақтан тұңғыш шыққан сынақшы-ұшқыш болғаныма мақтанамын. Енді мұндай, яғни, екінші қазақтың сынақшы-ұшқышы болуына қанша жыл кетерін бір Алла біледі…

Біз осы күнге дейін ұшақ түгілі, велосипед те істеген жоқпыз ғой. Асылық айтқаным болмас, енді ол жақта қазақтың баласы Ресейдің әскери кемесін жасауға қатыса алмас. Олардың да намысы оянды, тіпті, алғашқы әскери ұшақты бағындырған орыс емес, қазақ болғанына әлі күнге дейін өкінеді, қазір…».

Айтатыны жоқ, «Біз кеңес халқы!» дейтін жалған ұранды жалаулатып, шын мәнісінде, орыстың ойына келгенін істеп, оңды-солды үстемдік еткен кезеңі еді. Кеңестер Одағының ақырғы басшысы Михаил Горбачевтің әр сөзі мен әрбір қадамынан шовинизмнің сасық исі есіп тұратын…

Тоқтар ӘУБӘКІРОВке білімі мен білігі, шеберлігі мен кәсіпқойлығы тең келетін бір орыс ұшқышы табылмаған уақыт болатын. КОКПның Саяси бюросының мәжілісінде Бас хатшы М.С.Горбачев бас конструктор Ростислав Беляковқа: «Біз қазір орыс әуе флотының тарихын жазып жатырмыз. Бірақ, ертеңгі әлемдік авиацияда тұңғыш рет әскери кемеге ұшақ қондырып, ұшыруға "МиГ" фирмасы сынақшыларының

арасынан қалайша бір орыс фамилиясы табылмады?» – дейді.

Бас хатшыға Р.Беляков қаймықпастан былайша жауап береді: «Егер біз орыстың әуе флотының тарихы қанмен жазылмасын десек, бұл ұшақты крейсерге 1-сыныптағы сынақшы-ұшқыш Тоқтар ӘУБӘКІРОВ қана қондырып көруге тиіс. Менің бұған басқа алып-қосарым жоқ!..»

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ 1989 жылдың 1 қарашасында 1-ші болып авиатасушы крейсердің алаңқайына «МиГ-29» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Т.ӘУБӘКІРОВ «Гиннесстің рекордтар кітабына» енген ерлігін аталмыш ұшақпен жасады.

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «Орысты жамандай беруге де болмайды. Жалпы, орыс: «Дұрысты – дұрыс», дей білетін халық. Әрине, ішінара керітартпалары бар ғой. Әрине, етектен тарту саясатын мен де көрдім.

«КСРО Батыры» атағын маған екі жылкешіктіріп берді. Не үшін? 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы үшін. М.Горбачев қазақ болғаным үшін маған атақты дер кезінде қиғысы келмеді. Қол қоймай, бұлталақтап жүріп алды.

Ал, менің орыс бастығым: «Тоқтар ӘУБӘКІРОВке «КСРО Батыры» атағын бермей, мен ешкімді марапаттамаймын!» – деп қасарысып, жатып алды. Міне, азаматтық! Қандай тазалық! Қандай әділеттік! Осындай таза жандарды өмірімде көп кездестірдім…»

Жорналшы Нұртөре ЖҮСІП «Қыран қазақ» мақаласында өмір мен өлімнің арпалысымен өткен осынау санаулы секундтарды былайша суреттейді: «… Кейде ғұмыр кірпік ұшында тұрады. Көзіңді ашып-жұмғанша… Мәселені сағаттар емес, минуттар емес, секундтар шешетін уақыт болады. Адамның жаны мұрнының ұшына келетін кез…

Қара теңіз – теңіз біткеннің ішіндегі қанқұйлысы. Алапат теңіз дауылы тұрғанда корабльдер желге қаңбақтай ұйытқып кетер еді. Шторм кезінде жал-жал толқын пайда болады, зардабы зіл-батпан. Бірінің артынан бірі келіп ұрғанда, корабльдің пәрша-пәршасын шығаруға шамасы жетер-ді.

Тоқтар Әубәкіров сондай сұрапыл теңіз дауылы ышқынып тұрған шақта дыбыстан жылдам ұшақты кеме үстіне қондырып үлгерген ғаламат ерлік жасаған. Әдеттегі «сынақ ұшуы» деп есептелгенімен, осындай күрделі жағдайда ұшақты кеме үстіне қондыру таза жүрек жұтқандық!

Судың жал-жал толқындарының салмағына ұшақтың салмағы келіп қосылғанда 80 мың тоннаға тең келерлік жойқын жүктен кеме шайқалғаны сондай: қауырсын секілді шырқ айнала жөнелген ғой. Тоқтардың бойына сонда да үрей ұя салып үлгермеген. Қорқыныш, үрейлену сезімі ұшақ қонған соң барып келсе керек.

«Тбилиси» крейсерінен жаңа әдіспен ұшақты көкке көтеру оқиғасына бүкіл әлем көз тікті десе де болады. «Совет ұшағы лып етіп көтеріле ала ма, жоқ, бұрқ етіп жоқ бола ма», деп бүкіл дүние жүзінің мамандары демін ішіне тартып, қарап тұрған еді. Тоқтар Әубәкіровке крейсердің қамзолдың етегіндей қып-қысқа ұшаңқайынан МиГ-29 ұшағын лып еткізіп, көкке көтеру міндет болды.

Жаңа әдістің ерекшелігі сонда: ұшақ құдды трамплиннен түскендей төмен лықсып келіп, дүр етіп ұша жөнелген кептердей, тез көтеріліп кетуі керек. Барлық мәселені секундтар ғана шешеді. Ұшақтың моторына байланысты. Сәл іркіліс болса, бітті: ұшақ судың астына кіріп кетеді.

А деп ауыз ашқанша құйрығы қайқаң етіп зеңгір көктен көрінетін дыбыстан жылдам ұшқыр ұшақты сынақшы-ұшқыш Тоқтар ӘУБӘКІРОВ сонда зыр-р еткізіп, көтеріп үлгерді. Асқан дәлдікпен аядай жерге ұшақты қайта қондыру да ғаламат ерлік болатын…»

Мүлдем жаңадан жасалған; дыбыстан да шапшаң ұшатын; қыр-сыры беймәлім; тыңғылықты сынақтан өтпеген «МиГ» ұшақтарымен аса қауіпті де жауапты ұшу сынақтарын сәтті өткізіп, алып кеменің тар палубасына асқан дәлдікпен, шексіз шеберлікпен қолайлы қондырып, сосын лезде, көзді ашып-жұмғанша қайтара ұшып шығуды таңқаларлық асқақ кәсіпқойлықпен мүлтіксіз атқарған нағыз ерлігі үшін Тоқтар ӘУБӘКІРОВке 1988 жылдың 31 қазанында биік мәртебелі, зор құрметті «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

А.И.Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросының құжаттарында бұрынғы Кеңестер Одағының аса құпиялы 26 сынақшы-ұшқыштарының тізімі бекітілген. Солардың 9-ы сынақ кезінде апатқа ұшырап, қаза тапқан. Аман қалғандары түгелімен «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған.

Тірі батырлардың арасында жалғыз қазақтың баласы – Тоқтар ӘУБӘКІРОВ бар…

(Жалғасы келесі санда)

«Қазақ үні» газетінен

Ел аузынан

Қазыбек би

Қаз дауысты Қазыбектің әкесі Келдібек би қыз таңдап, үйленбей біраз жүрсе керек. Содан ойламаған жерде бір жиында аяғы ақсақ, көзі қыли жас қызға көңілі ауып, құда түсіп, айттырып алады. Әке-шеше баласының айтқанына келіскенімен, аса қолдай қоймай тіпті әкесі: «Таңдаған тазға жолығадының» кебі келді. Сөз байласқан бұрынғы құдалардың бетіне қалай қараймыз?» -деп айтып та тастапты.

Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып,
Аяғы ақсақ болғанмен ақылы артық.
Көзі қыли, сөзі мен ісі түзу,
Сөйлескеннен өн бойым кетті балқып,-деп жауап қайырады Келдібек би.

-Жетер. Енді көңілім орнықты. Табашыға да жауап табылар, -дейді әкесі.

Келдібектің замандастары әзілдескенде, осыны алдына тартып, қағытып жүріпті. Бірде олар Келдібектің өз үйінде отырып, соқтыға берген екен. сонда жас келіншек шапылдап беттен алмай-ақ, сыпайылап қана:

Көзім қыли, жасырмаймын, ақсақпын,
Келдекеңмен сондай тату жақсы-ақпын.
Татулықтың белгісіндей тамаша,
Төрт божанды билейтін ұл таппақпын!-депті.

Айтқанындай соның артынан Қаз дауысты Қазыбек дүниеге келген екен.

ТҰТАС ТҮРКІНІҢ ТОЙЫ ТАРҚАМАСЫН



Қасиетті, киелі Түркістан. Оның тарихы әрі де жатыр. XV-XVI ғасырларда өмір сүрген әйгілі дін қайраткері, саяхатшы, тарихшы Рузбихан Исфахани «Түркістан – ең әйгілі ел. Сейхун жағалауындағы Түркістан отыз қамалдан тұрады. Сейхуннан тартылған



арықтардың бойындағы қамалдар нағыз пейіш бағы іспеттес» деп жазған еді.

Түркістанның құдіреттілігі – осында түркі жұртына аты мәлім ғұлама, данагөй, данышпан Қожа Ахмет Ясауидің мәңгілік тыныс тапқандығы. Халық арасында Әзірет Сұлтан атанған Қожа Ахметтің беделі арқасында Яссы қаласы заманында аса маңызды рухани ағартушылық орталығы ретінде танылды.

Таяуда ежелгі қалада «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылуы мен Наурыз мерекесіне арналған Түркі әлімінің «Наурыз-нама» іс-шарасы өтті. Түркістандағы ұлық тойға жиырма үш мемлекеттен 300-ге тарта қонақ келді. Шетелдік қонақтар мен еліміздің мәдениет, өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері үшін Қожа Ахмет Ясасуи кесенесі маңында этноауыл ұйымдастырылды. Осы жерде тігілген отыз үш киіз үй төңірекке ерекше көрік берді. Мерекеге қатысушылар, алдымен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бас сұғып, ұлы бабамызға, осында жерленген қазақ хандарына, батырлары мен билеріне, абыз-әулиелеріне құран бағыштап, зиярат жасады. Түркістан тарихи музейін аралап, көне жәдігерлермен танысты.

Салтанат Есім хан алаңында басталды. Оны Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев ашып, жиналған жұртшылықты Түркістанның Түркі әлемінің мәдени астанасы жылы болуымен құттықтады. «Ұлыстың Ұлы күнімен үйлесіп, жарасып жеткен жүрекжарды, қуанышқа қуаныш қосатын, шаттыққа шадымандық еселейтін тағы бір теңдессіз тойға жиналып отырмыз. Әзірет Сұлтан әспеттеген, күллі түркілер ту етіп көтерген, қашанғы қара шаңырақ, тарихи Түркістан шаһары Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде бауырларымыздың баршасына құшағын айқара ашты» - деп атап көрсетті Жансейіт Қансейітұлы. Сөз алған ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын оқып берді. «Баршаңызды Түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы саналатын Түркістан қаласының мәдени астана болып жариялануымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл тарихи шешім – түркі тілдес мемлекеттердің, ТҮРКСОЙ ұйымының елімізге деген құрметі мен Қазақстанның Халықаралық аренадағы зор абырой-беделінің тағы бір жарқын көрінісі. Түркістан орта ғасырлардан бастап түркі тілдес халықтардың маңызды рухани орталығы болып келеді. Ұлан-ғайыр Еуразия өңірінің



мұсылмандары Қожа Ахмет Ясауи кесенесін Орталық Азия мен Қазақстандағы ең қастерлі орын ретінде кие тұтып, тәу етуді дәстүрге айналдырғанына тарих куә. Үш ғасырдай қазақ хандығының астанасы болып, халқымыздың көптеген игі жақсылары жерлен-

ген бұл қала әрдайым киелі мекен боп қала бермек» делінген Мемлекет басшысының құттықтауында. Сахнаға көтерілген ҚР Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен



Қасейінов өз сөзінде түркі халықтары арасындағы мәдени байланысты, ынтымақты дамытудағы халықаралық ұйымның маңыздылығын атап өтті.. Ол, сондай-ақ БАҚ-қа арналған сыйлығын шетелдік және өз еліміздегі БАҚ өкілдеріне тапсырды.

Мереке концерттік бағдарламаға ұласты. Композитор Бекжігіт СЕРДӘЛІНІҢ «Түркістаным-Тұраным» әнімен Сақ дәуірі киіміндегі 60 жігіт найзаға байланған іс-шараның логотипі басылған жалаушаларды алаңға алып шығып тиісті орындарға тұрды. Арнайы жасалған барыс бейнесі бейнеленген күймемен Сақ дәуірі киіміндегі 6 жігіт ТҮРКСОЙ туын және аттылы 21 жігіт Түркі тілдес мемлекеттердің туларын алаңға алып шығып, арнайы дайындалған тұғырға орнатты. Бишілер «Күн мен Түннің теңелуі», «Табиғаттың оянуы», «Наурыз думан», Түркі тілдес мемлекеттердің «Наурыз» керуені, «Тайқазан достық пен берекенің символы» атты театрландырылған сазды-хореографиялық қойылымын қойды.

Есім хан алаңындағы думаннан кейін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Түркістан және Түркология» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған жүзден аса ғалым, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Алқалы жиынға модераторлық еткен облыс басшысы Жансейіт Түймебаев былай деді:

- Киелі шаһар «Мәдени жыл» эстафетасын қабылдап, тарих тұғырында таңбаланар айтулы күннің куәгері болып отырмыз. Түркілік қайта өрлеу дәуірінің жемісін көрудеміз. Бұл кешегі түркілердің бірлігін аңсаған түрік көсемі Ататүрік пен Алаштың арда ұлы Мұстафаның асқақ арманы еді. Біздің мығым бірлігіміз, тұтастығымыз – ортақ руханияттың алтын қайнары, сарқылмас ғылым бұлағы. Түркі әлемі бірлігінің бүгінгі шынайы жанашыры, түркі әлемінің ақсақалы атанған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен іске асқан түркі бірлігінің айшықты көріністерінің бірегейі бүгінгі шара деп білемін.

Мәдениет және спорт министрі – Арыстанбек Мұхамедиұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновтің 70 жасқа толуына орай жолдаған құттықтау хаты мен төсбелгісін тапсырды. Конференцияда Туркия Мәдениет және туризм министрінің орынбасары Мустафа Рухи Өзбилчич, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Мырзатай Жолдасбеков, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шаханов, Халықаралық Түркі академиясының басшысы Дархан Қыдырәлі, ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов және басқа да азаматтар сөйледі. Баяндама жасаған Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамиоғлының, белгілі қазақ ғалымы Әбсаттар Дербісәлінің, ресейлік ғалым профессор Фирдаус Хисомединованың сөздерінде назар аударарлық пікірлер айтылды. М. Жолдасбеков кезінде түркі дүниесіне қатысты үш ұсынысын ортаға салғандығын айтты. Олар: Көк түріктің тарихын мектеп оқулықтарына енгізу, «Мир» телеарнасы секілді түркі жұртына арналған телеарна ашу, Нобель сыйлығы сияқты Түркі дүниесіне еңбегі сіңген азаматтарды марапаттайтын халықаралық сыйлық тағайындау. Бұл ұсыныстар бүгінгі күні де көкейкесті. Ғалым Ә.Дербісәлі әлемге танылған түркі өркениетіне тоқталды. Заманында бұл төңіректе Түркістан, Тараз, Отырар, Испиджаб, Сығанақ, Жент




сынды қалалар пайда болған. Олар сауда мен өнердің халықаралық қарым-қатынастардың, интеллектуалдық және рухани өмірдің ірі орталықтарына айналды. Асыл топырақ Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани секілді адамзаттық руханияттың алып тұлғаларын өмірге әкелді. М.Шаханов наурыз мерекесінің қазақ еліне қайта келгендігі жөнінде естеліктерімен бөлісті. Сонымен, «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылуы сәтті өтті. Енді тағылымды, тәлімді мәдени іс-шаралар жыл аяғына дейін жалғасатын болады. Айтпақшы, осы күндері халқына қалаулы, еліне елеулі бір топ азаматқа «Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Бірліктің қай-қайсысы да маңызды. Дегенмен де түркі бірлігінің орны бөлек. Өйткені біздің түбіміз бір. Киелі Түркістан төрінде, Әзірет Сұлтанның іргесінде өткен ұлы думан көк бөрі ұрпақтарының ынтымағына дәнекер болғай.

Гүлжаз ҚЫДЫҚБЕКОВА,
Түркістан қаласы.

Әліпбек ӨСЕРБАЕВ
Түркістан қаласының әкімі:

ТҮРКІСТАН туризмінің көкжиегі



Түркістан тарихи, мәдени және діни жәдігерлерге бай қала. Оның ішінде ЮНЕСКО-ның құнды жәдігерлер тізіміне енген Қ.А.Ясауи кесенесінің орны ерекше. Сонымен бірге Ескі Сауран қалашығы, Үкаша-ата бейіті, Гауһар-ана және Әлқожа-ата кесенелері де өзінің тарихи құндылықтарымен туристер мен зияраттылардың қызығушылықтарын арттырып келеді. Оның дәлелі осыдан 4 жыл бұрын қалаға 618 мың турист келсе, өткен 2016 жылы қалаға 1 млн 60 мың зияраттылармен туристер келген, оның ішінде 24 мың адам алыс, жақын шетел азаматтары. Олардың саны жыл сайын арта түсуде.

Десектеәлідеосыбағыттағыталдаужұмыстарымызды жетілдіре түсуіміз қажет. Өйткені туристердің қай мемлекеттерден, өңірлерден келгендігін жүйелі сараптап отыру туристік-танымдық насихаттарымыздың кемшін тұстарын анықтап отыруға негіз болар еді. Осы бағытта «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы мен қала әкімдігі бірлесе отырып, жүйелі жұмыстар жүргізуіміз қажет.

Туристер мен зияраттыларға жағдай жасау үшін туризмді дамыту - басты бағыттардың бірі болып белгіленген. Қалада туризмді дамыту бойынша 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы жылдың наурыз айында туристік өнімді насихаттау бағытында «Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы» шарасының аясында өткізілген «Түркістан және түркология» тақырыбындағы конференциясына қатысқан қонақтарға Түркістан қаласының туристік әлеуеті деректі фильм арқылы көрсетіліп, қонақтарға өңірдің туризмін жарнамалайтын өнімдер таратылды.

Ішкі туризмді дамыту үшін қазақстандық туроператорларға Түркістан қаласының туристік әлеуетін таныстыру мақсатында ағымдағы жылдың сәуір айында Голландияның экономикасының өрлеуіне негіз болған Қаратау бөктеріндегі грейн қызғалдақтарының мекенінде «Қызғалдақ фестивалі» туристік іс-шарасын ұйымдастыру жоспарланған.

Қаланың туристік обьектілерін жарнамалайтын бейнероликтерді республиканың спорт және туризмді насихаттайтын телеарналарынан көрсетуге арнайы бағдарлама әзірленді.

Туристерге арналған қаланың туристік картасы және туристік анықтамасы жасалды.

Соңғы жылдары қала қонақтарына сервистік қызмет көрсету сапасы күрделеніп келеді. Осыған байланысты Халықаралық қазақ-түрік университетінің мүмкіндіктерін пайдаланып, «Гид-экскурсовод», «Мейрамхана ісі», «Мейрамхана даяшылары», «Туризм менеджері», «Қонақ үй бизнесі» мамандарын қайта даярлау жөнінде 2016 жылы және ағымдағы жылдың наурыз айында семинар-тренингтер өткізілді. «Жұмыспен қамту орталығы 2020» арқылы туризм саласының аталған мамандықтары бойынша 32 азаматты даярлау, қайта даярлау курстарынан өткізіп, туристік нысандарға, қонақ үйлер мен мейрамханаларға тұрақты жұмысқа орналастыру жүргізілуде.

Сондай-ақ, туристік нысандарды көбейту және сервисті жетілдіру бойынша Түркістан қаласында 2016 жылдың басында 708 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар 12 қонақ үй болса, осы жылы жоғары деңгейлі 3 қонақ үйі іске қосылып, барлығы 880 жатын орынды құрады. Қонақ үйлердің сервистік қызмет сапасын жетілдіру мақсатында Шымкент қаласындағы «Kanvas» қонақ үйінің білікті мамандары Түркістан қаласында жаңадан ашылған «Гранд Ханака» қонақ үйінде келісім негізінде жергілікті қонақ үй қызметкерлерімен тәжірибе алмасуда. Сол секілді Халықаралық қазақ-түрік университетінде туризм факультетінің шет тілін меңгерген гид, экскурсовод мамандарын жұмысқа тартып, қонақ үйлер мен мейрамханалардың дерекқоры және туристерге арналған көлік-логистикалық қызметі жетілдіріле түсетін болады.

2016 жылдың тамыз айында қала орталығындағы туристердің шоғырланатын аймағында “Туристік ақпараттық орталығы” ашылды.

Бұл орталықта туристерге қызмет көрсететін ағылшын, түрік тілдерін жетік меңгерген 2 маман қызмет етуде. Интернет желісіне қосылған сенсорлық экран қойылып, туристік маршруттар енгізілді.

Осы орталық арқылы 2016 жылдың соңғы 4 айында 33 мемлекеттен келген 231 туристерге ақпараттар және баспа материалдары тегін таратылды. Алдағы уақытта туризм түрлерін және оның инфрақұрылымдарын дамыту көзделуде. Олар: Этникалық туризмді дамыту бойынша салынатын «Этносаябақ», көне Сауран қалашығы, Үкаша ата тарихи орны және Қаратау бөктерінде орналасқан «Жылаған ата» сарқырамасы мен үңгірі.

Осы аталған нысандардың туристік тартымдылығының бір ғана мысалы Түркістан қаласынан 100 шақырым қашықтықтағы, теңіз деңгейінен 1300 метр

биіктікте орналасқан «Жылаған ата» сарқырама үңгірі Қаратаудың жон арқасындағы құтты мекен. Үңгір кәдімгі сарқырама секілді. Бірақ сарқырамадан үнемі су ағып тұратын болса, «Жылаған атадан» су үнемі ақпайды. Жұмбақ құбылыс, ешқандай уақытқа бағынбайтын тылсым, нағыз жұмбақ сарқырама. Табиғат ананың ерекше бір құбылысы. Сарқыраманы көруге барған әрбір адам келген сәтінен сарқырама суының аққан және тоқтаған мезеттерін көрмей кеткен емес.

Бұл жерге Ресейден, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Татарстаннан, Қытайдан және еліміздің барлық өңірлерінен жылына екі мыңға жуық адам келеді. Бірақ аталған орын көпшілікке қолжетімді жағдайда емес. Аталған орынға арнайы жол талғамайтын көліктермен ғана баруға болады. Сонда да табиғат таңғажайыбын көруге 3 шақырымдай жолды жаяу жүруге тура келеді. Жол қиындығына қарамастан жыл сайын табиғат тылсымын тамашалауға келетіндердің санының көбейе түсуі туристік орта үшін таптырмас бағыт екендігін дәлелдеп отыр. Сондықтан келушілердің бару мүмкіндігін жеңілдету мақсатында жол көлік инфрақұрылымы қалыптастырылса, теңдессіз туристік жобаның жүзеге асатыны анық.

Осындай жобалар ішінде қаламызда емдік-сауықтыру туризмін дамыту бағытында қала аумағында жер асты термалды су жүйелерінің мол қоры бар. Осы су көздерінің қатарында құрамы «Трусковец» (Украина), «Витаутас» (Литва) және Ново-Ижевская (Удмуртия) емдік жер асты суларына теңдес «Шипа-су» шипажайы орналасқан. Бұл жөнінде 1970 жылы Мәскеу қаласындағы курорттық және физиотерапиялық ғылыми зерттеу институтының қорытындысы алынған. Бүгінгі таңда шипажай басшысымен келісіп, мекеменің жұмысын жандандыру үшін тиісті шаралар жүргізілуде. «Шипа-су» санаториясының жалпы алаңы 1,6 га құрайды. 2 ғимаратта 100 жатын орны бар. Қосымша тағыда жобалық құны 400 млн. теңгені құрайтын 50 орынға арналған сервистік сапасы жоғары бір корпус жыл соңына дейін пайдалануға ұсынылатын болады. Шипажай қызметін пайдалануышылар үшін арнайы жолдамалар ұсынылады. Емделу курсы 14 күн, бағасы 70 мың теңгені құрайды. Оның ішінде күндігіне 3 мезгіл тамақ, 2 мезгіл медициналық негізде сумен емдеу, курс бойы 3 рет ішкі құрылыстарын сумен тазалау, жатын орын секілді қажетті жағдайлар қарастырылған.

Туризмді дамыту перспективаларында «Көне Түркістан» туристік орталығының жобасын іске асыру көзделуде. Осыған байланысты қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Қазқайтажаңғырту» РМК арқылы 2016 жылы қыркүйек айында жобаның егжей-тегжейлі жоспары әзірленді.

Бұл жоба тиісті салалардың қатысуымен қала және облыстық деңгейде бірнеше рет талқыланып, нәтижесінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қоғамдық кеңесінде 2016 жылдың 22 желтоқсанында бір ауыздан мақұлданды. Қазіргі таңда жоба қала әкімдігінің шешімімен бекітіліп, Қ.А.Ясауи кесенесінің маңында құрылыс жұмыстарын жүргізуге келісім алу үшін ЮНЕСКО-ға жолданды.

Жобаның негізгі идеялық мәні – Түркістан қаласын Түркі әлемінің тарихи Астанасы контексінде «ТҮРКСОЙ» ұйымына мүше елдерге ұсыну. Сонымен бірге түркітілдес халықтарының сәулеттік, этнографиялық және ұлттық гастрономиялық бағыттарын танытып, қаланы түркі әлемінің мәдени орталығына айналдыру.

Қазір жобаны іске асыру мақсатында бекітілген қадамдық іс-шара жоспарына сәйкес бұзылуға жататын сол аумақтағы 129 тұрғын үйлерді мемлекеттік қажеттілікке сатып алу мақсатында мүліктерді бағалау жұмыстары жүргізілуде. Келісім шарт бойынша бағалау жұмыстары ағымдағы жылдың сәуір айының ішінде аяқталады. Әрі қарай заң талаптарына сай сатып алу шаралары іске асырылмақ. Бұл жобаның жалпы құны шамамен - 7 850,6 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде–1 290 млн. теңге 129 үйді сатып алуға, 800,0 млн. теңге инфрақұрылымға қаралған.

«Көне Түркістан» жобасының негізгі идеялық мәнін іске асыру үшін 2 нұсқада ұсыныс бар:


Біріншісі - «ТҮРКСОЙ» ұйымына мүше елдердің мәдени ошақтарын нақты тарихи сипатта, өзіндік сәулеттік нақышта қалыптастыру жөнінде жобалық ұсыныстарын алу, сол елдерге тиісті құрылыстарын салдыру, әрі қарай өз қарамағында ұстау туралы ұсыныс беру.

Түркітілдес елдердің ұсынған жобалары заңдылығына сәйкес инвестициялық келісім шартқа отырып, жұмыстарды атқару үшін ҚР инвестициялар және даму министрлігінің тиісті комитетіне жолданатын болады.

Екіншісі - Түркітілдес елдері тарапынан инвестиция салу мәселесімен қатар отандық немесе басқа да инвесторларды тарту жұмыстары қоса жүргізілетін болады.

«Көне Түркістан» туристік орталығы жобасының аясында этносаябақ құрылысын салу жоспарланған.

Археолог, тарихшы мамандармен кеңесіп, бірлесе жұмыс жасай отырып, 45,0 гектар жерге ескі тарихи орта ғасырлық қалашықты археологиялық зерттеуден кейін консервацияланған музейлік экспонат күйінде



қалдырып, этнографиялық саябақ жасау ұсынылып отыр. Осы этно саябақта туристерге орта ғасырлық көшелердің көріністерімен сол кездің мәдениетін тамашалай алатындай мүмкіндіктер жасалады. Сонымен қатар, облысымыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер жөнінде мағлұмат беретін ашық аспан астындағы макеттер орналастырылады.

Этно-саябақта ұлттық нақыштағы ойын-сауық орындары, ұлттық тағамдар мен сусындар ұсынатын нысандар, ашық аспан астындағы демалыс орындары мен киіз үйлер орналасатын болады. «Этносаябақ» жобасының жүзеге асу құны шамамен 1 900,0 млн. теңгені құрап отыр. Бүгінгі таңда осы жер аумақтарына қажетті жобалау сметалық

құжаттарын және археологиялық ізденіс жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттен 15,0 млн. теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Осы «Көне Түркістан» жобасы аясында атқарылатын іс-шараларды сапалы жүзеге асыру үшін және туристік нысандарға қолжетімділікті арттыру мақсатында инфрақұрылымдық жүйені қамтамасыз ету бастыміндетіміз. Соған сәйкес 2017 жылы туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жол саласына бюджет есебінен 75 млн. теңге бөлініп, қаланың басты жолдарына күрделі жөндеу және кеңейту жұмыстарының жобалары әзірленуде. Атап айтқанда Отырар, Кентау, Шымкент бағытындағы қалаға кіретін басты жолдар мен бірқатар орталық көшелерді кеңейту және жаңғырту жұмыстары жасалатын болады.

Осы арқылы қала көлеміндегі көлік инфрақұрылымы дамып, туристік нысандарға қолжетімділік сапасы арта түседі.

Сонымен қатар, сапалы туристік қызметтің бір көрінісі сервистік инфрақұрылымды дамыту. Осы мақсатта «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің бойындағы туристік нысандарға 3 тілде 23 ақпараттық сілтемелер, 7 дана туристік картасы орнатылған. Түркістан қаласына кіретін Шымкент, Отырар, Қызылорда бағыттарына және «Үкаш ата» кесенесі аумағында келушілердің санитарлық сұраныстарын қамтамасыз етуге арналған арнайы нысандар орнатылып қолданысқа берілді.

Өңірімізде туризм саласын дамытуда бір қатар келелі мәселелер орын алып отыр. Қала бойынша халықаралық деңгейдегі «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының құрамында жергілікті маңызы бар бірнеше тарихи-мәдени туристік нысандар бар.

Қорық-мұражай тарапынан туристерге сапалы қызмет көрсету, келушілердің санын арттыру бағытындағы жұмыстарды әлі де болса жетілдіру қажет. Атап айтқанда Қ.А.Ясауи кесенесінен басқа туристік бағыттардағы Укаш ата, Гаухар-ана, Әлқожа ата, Сауран қалашығы, Жылаған ата, Көктонды ата тарихи нысандарында туристердің демалатын, тамақ ішетін орындарын қалыпқа келтіру үшін қала әкімдігі мен қорық мұражайы бірлесе отырып, алдағы уақытта оңтайлы шаралар қабылдау міндеті тұр.

Туризм саласының туристерді қызықтыратын бағыттарының бірі – археологиялық қазба жұмыстарының орны мен тарихи-мәдени құндылықтардың бізге жеткен түпнұсқалық жәдігерлерінің қазіргі жағдайы. Осы тұста айта кететін жайт «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының аумағында тарихи құндылығы аңыз болып қалыптасқан Күлтөбе қалашығының археологиялық қазба жұмыстарының консервациялық сапасы. Егер де аталған орын болашақта туристердің сұранысын қамти алатындай бағыт ретінде қосылатын болса, бүгінгі күнде аршылған көне қаланы сақтау жұмыстары сын көтермей тұр. Ал, бұл жәдігерлер біздің туристік әлеуетіміздің нағыз көрсеткіштері. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа баса назар аударуды жөн деп санаймыз. Өйткені Түркістан қаласының төңірегінде археологиялық зерттеулер жүргізіліп жатқан туристік қызығушылықты арттыратын тарихи құндылықтар жетерлік.

Соның бірі Сауран қалашығының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қала әкімдігі тарапынан атқарылды. Атап айтсақ, Сауран қалашығына жарықтандыру, дем алушыларға арналған бастырмалар, аяқ жол, көлік жолдары және санитарлық орындар салынды.

Түркістан туризмін дамытуда жоғарыда аталған жобалармен шектеліп қалмай, әлемдік тәжірибені үлгі ете отырып, әлі де тың бастамаларды жүзеге асыруға қаламыздың тұнған тарихы мен орналасқан орны зор мүмкіндіктер береді.



Туризмді табыстың көзі деп қарайтын болсақ, 2016 жылы қалаға келген туристер мен зияраттылардан 4080,0 млн. теңге табыс түсіп, бюджет көлемі 110,0 млн. теңгеге ұлғайды. Бұл қаламыздың жалпы өңірлік өніміндегі үлесінің 5,0 пайызын, салық түсіміндегі үлесінің 4,0 пайызын құрады.

2021 жылға дейінгі жасалған «Көне Түркістан» концепциясы бойынша туристердің саны 1700,0 мың адамға, оның ішінде шетелдік туристер саны 35,0 мың адамға артуы болжамдалған. Олардан түсетін табыс 6655,0 млн. теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 63,0 пайызға артып, олардан қала бюджетіне 150,0 млн.теңге кіріс түседі деп күтілуде.

«Түркістан-түркі әлемнің мәдени астанасы» болып бекітілуіне орай осы жылы Түркістан қаласында халықаралық деңгейде 40-тан аса мәдени танымдық шаралар өткізілетіндігі белгілі. Осы шаралардың да басты мақсаты - Түркістанды таныту, туристік қызығушылықты арттыру деп білеміз. Сондықтан, бір ғана наурыздағы ашылу салтанатына 20 дан аса мемлекеттен 300-ге жуық қонақтардың келуі сөз жоқ, бұрын көптеген елдерге беймәлім болып келген қаламыздың таныла түсуіне зор кеңістік ашып отыр. Сондықтан, жыл бойы өткізілетін шараларға әлі де көптеген елдер қызығушылық танытып, қатысушылар саны арта түсетіні даусыз. Осы орайда, қолда бар мүмкіндіктерімізді тиімді пайдаланып, туристік әлеуетімізді арттыру мәселесі күн тәртібінен түспейді.

РАЙЫМБЕК ТЕАТРЫНДА ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

1961 жылы Халықаралық Театр институты Вена қаласында өткен IX конгресінде 27 наурызды «Халықаралық театр күні» (World Theatre Day) деп бекітті. Жыл сайын көктем мезгілінің алғашқы айында бұл мерекені Халықаралық Театр институты мен дүниежүзіндегі театр қауымдастықтары атап өтеді. Халықаралық Театр институтының басты мақсаты - әлемдегі барлық театр қауымдастықтары мен өнер қайраткерлерінің шығармашылық жолындағы татулығы мен байланысын нығайту.

Халықаралық театр күніне орай, Түркістан сазды-драма театры Георгий Хугаевтың «Қара шекпен» әпсанасын сахналады. Қоюшы режиссері – Айдар Наурызбаев. Екі сағаттан аса уақыт қойылған философиялық әпсана көрерменді жалықтырмай өмірдің көкейкесті мәселелерін молырақ әрі айқынырақ қамтыды. Жас та болса ізденімпаз, талантты режиссер Айдар Наурызбаевтың жанкешті еңбекқорлығын әбден байқауға болады. Сонымен қатар актерлердің, музыкамен көркемдеушінің (Қанат Жұмабаев), суретшінің (Қанат Шериев), хореографтың (Жангүл Ерсұлтанова) да әпсананы жоғарғы деңгейде ұсынуға атсалысқаны байқалады.

Режиссер адам кейпін хайуан арқылы сатиралық түрде жасыру эзоптық әдісін қолданған. Сөйлеу қабілетіне ие хайуандар – Тұзар-төбет (Жасұлан Тұрғанбаев), Құқар-қарға (Аяз Ілиясов), Қосүрей-қоян (Кәмшат Әштекова), Сылаң-түлкі (Гүлзада Айтбаева), Кико-есек (Жандос Маханов), Қортық-көртышқан (Нұржігіт Әбдіқұлов) және басқалары. Философиялық әпсана – адалдық пен сатқындықтың, махаббат пен достықтың ара-жігін ашып



көрсетті. Яғни, бұдан қай заманның да келбетін айқын көруге болады. Мәселен, Төбеттің образы адалдықтың, Қарғаның образы байыптылықтың, Есектің образы қырсықтықтың, Түлкінің образы құлықтың шырқау шегін көресете білді. Әр образ өзінің қара басын ойлайды. Тек Тұзар ғана өмірге ғашық, адал, болашағына сенімді адам кейпінде. Тұзар қасқырлардың айласына ілігіп, сұм қаншық Көкшұланға (Алмагүл Індемесова) ғашық болады. Дегенмен төніп келген сезімнің бетін қайтарып, қожайынына адал қызмет етуді таңдайды. Ал Қожайыны (Қанат Садықбеков) төбетінің бұл ерлігі мен адалдығын бағалай ма? Андардың бұл сәтті тамашалауға келгені – көрерменді одан әрі ойландырады. Бұл орайда шопанның жауабын сезе тұра, бақылаушы ретінде аңдардың жиналуы – бүгінгі проблемаларға тек бақылаушы позицясын ұстанатын қоғамды елестетеді. Мұндай тапқыр шешімнің астарында үлкен трагедия жатыр.

Адамға адал қызмет етіп жүрген Тұзар-иттің



рөліндегі Жасұлан Тұрғанбаевтың ойыны өте ұнамды сәтті шыққан. Режиссер Айдар Наурызбаев актер таңдауда талғамының жоғары екенін, қателеспегендігін аңғартты. Актер өз кейіпкерінің жан дүниесіне үңіліп, рөлін шынайы ойнауға өте көп күш салған. Басында позитивті қозы Бебе-мен (Ғалымжан Жақыпов) қалжыңдасып ойнайтын Тұзар, кейін келе қара шекпенмен бірге өз қайғысын жамылуы көрерменнің жүрегіне салмақ салды-ау... Осындай шебер образдардың бірі – Қосүрей-қоян. Актриса Кәмшат Әштекова әзілқой, көңілді образдан кейін, балаларынан айрылған бейшара ананың рөлімен көрерменнің көзіне жас үйірді.

Елбасымыз, «Мемлекеттің мерейін өсіретін күш – рухани байлық. Ізгілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін киелі орта - театр» деген еді осы тетарға келген бір сапарында, қасиетті қала халқын дүр сілкіндірген әпсананыңидеясыанық,өзектілігіталастудырмайтындықтан, өз көрермені болатынына бек сенімдіміз. Мұратына жеткен әпсананы қойған ұжым труппасын жаңа премьерасымен құттықтаймыз!

Гүлжаз ҚАРЫБЕК, Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Түркістан қаласы.

P.S. *Бет қатталып жатқанда Астанадан Түркістан сазды-драма театрына осы театрдың негізін қалаушы, белгілі сахна шебері, режиссер Райымбек Сейтметовтың есімінің берілгені туралы жылы хабар жетті. Қуаныш құтты болсын!*

Келесі санымызда Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театры туралы толық материал берілетін болады.

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

Ақселеу жұмбағы

(Жалғасы. Басы 8-9 беттерде)

Ақселеу Сейдімбектің жазғанын оқымайтын, Ақселеу сөйлегенде тыңдамайтын, Ақселеу айтты дегенге қызықпайтын қазақ жоқ бүгінде. Әлгі «тілсіз» туғандар мен жан серігін жүре жоғалтқан ұрпақты алмай отырмын есепке. Ақаңды өзгеден көп оқыдым десем, шындыққа сын. Ақселеуден басқаны оқымайтындар да бар... Біз сол «Күмбір-күмбір күмбездерінен» «Күй шежірелеріне», одан бүгінгі «Қазақтың күй өнері» атты салмағы алты атанға жүк болар еңбегіне тізе бүгіп отырмыз. Шіркін, осы кітапты ерінбей парақтап шыққан жанның терезесінен төлтума өнердің күн шуағы сығалар еді: тіпті күй тартпайтын, оны зерттемеген жанның өзінің кеудесінде әсем күй күмбірлей жөнелері сөзсіз. Ал күй тарихын танып, күйшілерге бас иіп, өзі күй шертіп жүрген жандардың құдайы берген күн – бұл күн, олардың шаңырақтарына ең қадірлі қонағы келгендей мереке. ...Біз де бұл кітапты ұстап, әр бетін ашқан сайын жанымызға ұлы күй өнерінің теңдессіз шеберлерінің бірі тізе бүккендей, булығып, толғана түсеміз. ...Бір сәт байқасам, шаңырағыма қазақтың күй өнерінің бар сұңғыласы жиналып қалған екен деймін. Араларында Ақселеу Сейдімбек те бар. Араларында деймін, сол ұлыларды түгел ертіп келген Ақаң екен.

Осы тарихи күннің ақ орамалындай бейқам жатқан бағалы кітапты оң алақанымммен аялай сипап қоямын.

Ақаңның кітаптарының барлығы дерлік бар менде. Көбісін өзі қолтаңба қойып, оң қолымен берген. Ал мына соңғы қолтаңбасы тағы да жұмбақ... Ақаңнан айырылатын жыл дамылсыз есік қағып тұрған бір күндері «Ана тілі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Ержан Байтілес телефонмен хабарласты. Амандық сұрасқан соң Ержан бауыр Астанадан маған бір қымбат сыйлық ала келгенін айтты. «Ол не?» – дедім. «Кітап», – деді. «Рақмет, Ержантай, келіп алып кетейін», – дедім. «Несаға, өзім апарып беремін, сәл парақтай тұрайын», – деді. «Мақұл», – дедім. «Кімнің кітабы?» деп те, «Кім берді?» деп те сұрамаппын. Неге екенін бүгінге дейін түсінбеймін. Содан, бір күніне бір күні ілесе жылжыған уақыт тоқтай ма, тоғызыншы жыл басталғанда бір-ақ алдым ол кітапты. Әуелде тұтқиыл әсерден шалқамнан түсе жаздадым. Ақаңның кітабы! Кітап болғанда кейіннен бүкіл қазақ қоғамын дүр сілкіндіретін «Қазақтың ауызша тарихы»!

Алғашқы ақ бетіне маржандай жазумен қолтаңба қойыпты. Астында қолына қалам алған күні... Иландай шыным, мен бұл кітаптың жазылуынан да, жарыққа шығуынан да бейхабармын. Ақаңа «Маған кітабыңызды жіберіңіз» деп өтініш айтқаным да есімде жоқ. Олай ете алмас та едім. Хақым жоқ болатын. Алаштың бар баласы құрмет тұтқан Ақаңның есіне неге түстім екен? Үлкен басымен маған үкілеп кітап жолдағаны қандай ғажап?! Менің Ақаңа деген құрмет тауым Алатаудан кем емес болатын. Біле білсем, бұл – менің өз бақытым. «Кітапты кім беріп жіберді?» – деп Ержаннан бүгінге дейін сұрамадым. Сұрай алмадым. Сұрағым келмеді. Енді сұрамаймын да! Бүгін оны білмегенім жақсы. Ал «Неге? Қалай? Не үшін?» деген сұрақтар әлі күнге дейін ұйқымды бөледі. Әрине, Ақаң да ет пен сүйектен жаралған адам, өзі құрмет тұтқан біраз жандарға қолтаңбасымен кітабын сыйлаған болар-ау. Бірақ мен қалай еніп кеттім ол тізімге? Тағы да жұмбақ.

Ғұмырлық нысана еткен спорт қаламгерлігінің тура жолынан кенет тайып жығылып, қазақ қоғамына өз үйімнің терезесінен ғана қарап қалғанда, Ақаң мен үшін көп қиналды. Қамқорлығын да аяп қалған жоқ. Талай азаматқа айтып, қызметке орналастырмақшы да болды. Астанаға келе қалсам жанына шақырып, көңілімді аулап, арқамнан қағып, еңсемді түсірмеуші еді. Сондай бір сапарда Ақаң қоярда-қоймай үйіне ертіп әкетті. Орал тәтемізді білемін, сол кісі де мені таниды. Табалдырықтарынан қасиетті қамал аттағандай боп ендім үйге. Ақаңның кітап-қағаз жинаған бөлмесі ауызды аңқайтты. Кітаптардың саны емес, мен көрмеген сапасы ғаламат. Ал буылып-түйілген архиві тіпті ерекше. Бүгін жазылатын кітап пен ертең қолға алынатын қолжазбалар кезекте тұрған жандардай, жазу үстеліне дейін тізіліп кеп тоқтапты. «Несіп, енді бір-ақ кітап жазамын, – деді Ақаң маған өзімен-өзі сөйлескендей ойлы кейіппен, – қазақтың шығу тегі, сол тарихтың негізгі тармақтары, сол жайлы ең құнды мағлұматтар. Содан басқа ештеңе жазбаймын. Болды!» Жүзіне қарадым. Өзіне сенімді, сөзіне берік жанның кепілі. Жүз кітап жазған Ақаңның кітапты бағалауы біз үшін аспанда. Ол жанға кітап жайлы ештеңе айта алмайсың. Жазғанын жазғанша оқырманы тәтті айрандай сіміріп алатын Ақаң енді бір-ақ кітап жазамын десе – кітапқа да, оны оқитын қоғамға да өз бағасын бергені. «Баяғыда қазақтың шығу тегі туралы бір үлкен емен белгісінде шежіре шығарған едім. Соны бір пысықтар әлі күнге қайта-қайта басып, нанын тауып жүр екен. Өй, солары маған жақсы болды. Әлгінің астында менің аты-жөнім, мекен-жайым бар болатын. Қаншама хат, шежіре, ұсыныс, түзетулер келді атыма. Енді соларды жүйелеп, әлгі тарихи кітапқа кірісіп жатырмын. Бұл бір ғаламат кітап болғалы тұр!» Сендім. Ақаң сыпырынды дүние бермейді. Сонау «Күмбір-күмбір күмбездерінен» бастап бүгінгі «Қазақтың ауызша тарихы» кітабына дейінгі жазғандарын оқыған жан әсер емес, білім еміп, сөз емес, тарихи көріністерді қолға ұстататын мұндай еңбектердің бағасын береді әлі. Әттең, Ақаңның ғаламат болса да бір-ақ кітап жазамын дегені сескендіреді бір сәт.

– Ә, өткенде берген «Әкемнің қамшысы» деген кітабыңды оқыдым, – деді мені де мынадай қысылып жүрген кезімде жауырынымнан сипай кетейін дегендей, – тәуір екен. Өй, сен Жәнібекке ғашық екенсің ғой өзің!

Соңғы сөзден бір әріп қате таппадым. О, ғажап, 300 беттен асатын кітаптың ішінен Ақаң өзі айтуға лайық бір-ақ ауыз сөзді сүзіп алуы не деген керемет?! Бірақ, өйтпесе Ақаң Ақаң бола ма?!

Осы жолығысуда ерінбей бар жинағанын жайып салып, ұзақ күнге әңгіме еткен кітабын елп етіп елден беріп жіберген Ақаң не ойлады екен сол сәт мен жайлы? Ақаңдай асқардың есінде қалу бұйырған менде арман бар ма? Бар екен!



МАХАББАТТЫҢ ЖҰМБАҒЫ...
(Шығыстың шайыры Румидің рухымен сырласу)

Тірі жанның түгесілмес жұмбағы,
Түгесілсе – құны жоқ...
Бұл жұмбақтың тамыр тартып, тұнбағы –
Мәңгі жабық, түбі жоқ...

Әрбір дүшпан – қылышыңның қайрағы,
Өткірлеген жүздерін...
Адал досың – көңіліңнің қаймағы,
Сүзбедім де, тізбедім...

Таң-тамаша қалып, аштым аузымды,
Әл-Фатиха оқыдым...
Тазалық пен тереңдігі –тау сынды,
Сипатпайтын тоқымын...

Таласқан да, адасқан да – кезім мың,
Басым соғып тастарға...
Жүрегімнің бар екенін сезіндім,
Құран бетін ашқанда...

...Тұл-жалғанның сырын ешкім ашқан жоқ,
Ашылмайды – ойсызға...
Нәпсі менен нәкәс жерді басқан көп,
(Баян қонар – тойсыз да...)

Шын бақыттан басы айналар пенденің,
Қаламайды – басқаны!
Шынайылық –Жаратқанға тең дедім,
Пендешілік – бас қамы...

...Азғырғанмен ұжмақтан қуылдық,
Нәпсі жеңді, «көмілдім»...
Адам ата ұрпағы боп туылдық,
Мағынасы не өмірдің?..

Жел улеген жапан дала жан-жағы,
Әнтек көңіл алаң-ды...
Ал, адамның өмірінің бар мәні,
Жақсы көру адамды...

Жақсы көру – махаббаттың жұмбағы,
Өлшемі оның – жалғыздық.
Жаның сүю – рухыңның шын бағы,
(Тек, ұрлатып алғыздық...)

Сүйген сезім – төгілген тау тасқыны,
Жолдағысын қиратқан...
Ми қайнатқан махаббаттың жас күні,
Суы келмес сирақтан...

Сүйген адам – Жаратқанда жалғызың,
Тілегің һәм тірегің...
Бар көктемің, бар жазың мен бар күзің,
Жанарында...– жүрегің...

...Шын махаббат – емес қайғы, азап, мұң,
Тәтті дәмі шырынның...
Сүйгені үшін әрбір қызы қазақтың,
Томирисі– бүгіннің!..

Іңкәр жүрек, тұлпар ләззат– бұл бар маң,
Таңғажайып – «әуресі»...
Шын махаббат – дидарынан нұр тамған,
Жаратқанның сәулесі!

Мыңжан БАЙЖАНИН,
Алматы қаласы.

Сұлулыққа бастайтын отандық өнімдер

Қазақтың кез келген қызы сұлу болғысы келеді. Өзінше табиғи сұлулығын сақтап қалудың жолдарын іздейді.

Мойындаймыз, бәріміз шетелдің арзан болсын, қымбат болсын түрлі косметикалық бұйымдарына жүгіреміз. Бірақ, нәтиже бар ма? Қалтамыздағы ақшаны құр далаға шашып жүрген жоқпыз ба?

Ия, шашып жүрміз. Өйткені, олардың басым бөлігінде химиялық қоспалар шамадан тыс көп. Әсері де уақытша. Сондықтан табиғи өнімдерден жасалған косметикалық бұйымдарды пайдаланудың уақыты келген сияқты.

Табиғи өнім демекші, соңғы кездері отандық косметикалық өнімдердің арасында «Айсәуле» маркасымен шығатын тауарларға деген сұраныс пен қызығушылық артып келеді. Оның ерекшелігі неде деп ойлайсыз?

Шымкенттік ғалым, химия ғылымдарының кандитаты, М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Тамақ инженериясы және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі» кафедрасының доценті Сәуле Мұсаева «Айсәуле» атауымен қыз-келіншектерге арнап табиғи өнімдерден жасалған маска, крем, сабын, сусабын секілді түрлі өнімдер шығарады.

Айсәуленің көп жылғы еңбегінің жемісі – «Табиғи ғажап маскасы». Ол Оңтүстік Қазақстан өңірінің экологиялық таза аймақтарында өсетін дәрілік шөптер мен дәнді-дақылдардың ұнтағын ашыту арқылы бетке жағатын маска ойлап тапқан. Инновациялық патентке ие болған өнім әйел бетінің сұлулығын және тартымдылығын арттыра түседі. Көпшіліктің сұрауы бойынша маскамен қатар, табиғи крем түрлерін де шығаруды қолға алған. Дәл қазіргі уақытта оннан астам өнімдер нарыққа ұсынылуда.

«Бұл күрделі технологиялық процесс. Сондықтан ұқыптылық пен төзімділікті талап етеді. «Айсәуле» маскасы беттегі мимикалық әжімдерді тегістейді, ағартады, терідегі дақтарды, безеулерді тазалайды. Бетке бір рет жағылған маскадан, бет терісінде екі күн ем жүреді. Яғни тері астындағы өлі жасушаларды сыртқа шығарып, терең тазалап, оны емдейді. Беттің терісі жасара түседі. Бұл маска құрғақ бетті майландырып, майлы бетті құрғатып, бір қалыпқа келтіреді. Бұдан бөлек күндізгі және түнгі табиғи крем, көз айналасына арналған бальзам және ауыз қуысын шаятын фитошай, ағза тазалайтын және жасартатын шөп шай, салмақ түсіретін шай, сұлыға, сүтке, емдік шөптерге қайнатылған сабын мен сусабын секілді оннан астам өнім шығарудамыз», - дейді Айсауле Әжіханқызы.

Қазіргі кезде көп қыздардың беттері табиғи қалпынан айырылып барады. Үздіксіз безеулер шығу, ерте жастан әжім түсу, көз айналасының қатпарлануын күнделікті кездестіреміз. Оның үстіне үнемі тұтынып жүрген тағамдарымыз да қажетті дәрумендерден жұрдай. Қыздардың шамадан тыс тәттіні, тұзды және майлы тамақтарды, консервантты тағамдарды пайдалануы ағзаға күш түсіреді. Адам бойына жиналған артық тұздар, майлар, токсиндер уақытылы шықпай, соңы кеселге айналады. Сол



Ғалым Сәуле Мұсаева

үшін ағзамызға емдік шөптердің жиынтығынан құралған шөптен дайындалған шайларды ішу өте пайдалы.

Айсауле Мұсаева көп жылдан бері осы саламен айналасып келеді. Ол шөптерге химиялық талдау жасай келе, оның құрамындағы емдік заттардың бір-бірімен үйлесуіне ерекше мән берген. Себебі, шәйді демдеу кезінде кейбір шөптерден бөлінетін пайдалы заттар жиынтық құрамындағы басқа шөптердің пайдасын әлсіретіп, кейде мүлдем жойып жіберуі мүмкін. Керісінше, кейбір шөптер басқа шөптердің бойындағы емдік элементтерді күшейтіп, ерекше бір үйлесімге келеді. Ғалымның ойлап тапқан буындарға арналған және артық салмақтан арылтататын шайлары көп ізденістің нәтижесі. Өнім тек Оңтүстік өңірде ғана емес, еліміздің барлық аймағына таралуда.

«Емдік шөптердің жиынтығынан құралған шөп шайлар ағзаны тазалайды. Сондықтан сұраныс жиі деп айта аламын. Бағасы да қолжетімді. Бұйыртса, «Айсәулені» еліміздегі ірі компанияға айналдырғым келеді. Мен бұл өнімдерді барлық қыз-келіншектер сұлу әрі жас болып жүрсін деген шын ниетпен жасадым», - дейді сұлулықтың жаршысы болған жан.

Ия, қазір Қазақстанның әр қаласында таратушы-көмекшілер жұмыс істейді. www. aisaule.kz сайты арқылы әрбір өнімнің құрамы мен пайдасы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік бар. Кез келген өңірден тапсырыс қабылдай береді. Тек маска мен кремдер емес, түрлі шайлар мен жуынуға арналған, атап айтқанда сабын, сусабындардың да терінің жақсаруына септігі мол. Әлеуметтік желілілерде «Айсауле» өнімдеріне қатысты тек жағымды пікірлердің айтылуы соның арқасы.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ЭКСПО-2017


Бүкіләлемдік көрмелер немесе ЭКСПО осыдан бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдығы өте артты – тіпті көрмелерді әлем чемпионаттарымен және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болды. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері, ЭКСПО-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген. Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды бірінші болып тамашалау мүмкіндігі қызықтырады. Дәл осы ЭКСПО-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлядан жасалған стақан, телехабар тарату, сенсорлық экран және т.б. дүниелер біздің күнделікті тұрмысымызға жол тартқан. Ал ЭКСПО-2017 бізді қандай жаңа техникалық дүниелерімен таңқалдырмақ? Өнертапқыштар қазір өз дүниелерін Астанада көрсетуге дайындалуда. Әзірше Бүкіләлемдік көрмелерде көрсетілген ең танымал деген 5 жаңалықты есімізге түсірейік...

ТЕЛЕФОН АППАРАТЫ



Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филодельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңқалдырған дүниеге айналды. Өнертапқыш Александр Белл сөйлейтін телеграф қалай жұмыс жасайтынын көрсетті. Өнертапқыштың басқа бөлмеде тұрып Дат ханзадасының «Болу, я болмау» деген монологын оқығанын телефон тұтқасынан естіген кезде, көрме қазылар алқасының таңданысында шек болмады. Жүз жылдан астам уақыт ішінде, әрине, телефонның сыртқы түрі өзгеріске қатты ұшырады, алайда оның қызмет ету қағидасы бәз-баяғынша қалды.

ФОНОГРАФ



1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойлап тапқан Томас Эдисон үлкен танымалдылыққа ие болды. Көптеген көрермендерге фонографтың адам дауысы қайталауы таңғажайып сиқырдай көрінді, сөйтіп Эдисонға «Менло Парктің сиқыршысы» (Нью Джерсидегі зертханасы солай аталатын) деген ат тағылды. Кейінірек фонограф идеясы граммафон, патефон және тіпті магнитафонда қолданыс тапты.

ТЕЛЕХАБАР ТАРАТУ


1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрменің көрермендерін тікелей эфирде телехабар тарату қатты таңдандырды – ол кездің өзінде теледидар таңсық дүние болатын. Көрме өтіп жатқан уақытта АҚШ президенті Франклин Рузвельттің ЭКСПО-ны ашып жатқанын тікелей эфирде көрсетті. Көрмеге келушілердің теледидардың техникалық ерекшеліктері айрықша әсерде қалдырды. Тіпті көбісі трансляцияны иллюзионистің фокусы деп те ойлады. Ал бүгінгі күні тікелей эфирде хабар тарату үйреншікті іске айналған.

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН



Тұңғыш ұялы телефонның нұсқасы және ұялы байланыс технологиясы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл нағыз төңкеріс болатын: бұған дейін қолданыста болған телефондардың барлығы розетка қосылмаса жұмыс жасамайтын. Алғашқы ұялы телефондар Осакадағы таныстырылымнан кейін бірнеше жылдан кейін-ақ қолданыста пайда болды. Қазіргі ұялы телефондармен салыстырғанда олардың пішіні үлкен және ыңғайсыз болатын. Оларды қалтаға салып жүру мүмкін емес-тін.

СЕНСОРЛЫҚ ЭКРАН



Саусақпен басқанын сезетін экран алғашқы рет жұртшылыққа 1982 жылы Ноксвилдегі Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Көрмеге келген әрбір адам сенсорлық экранды жеке өзі пайдаланып байқап көре алды. Отыз жылдан кейін бұл өнертабыс өте танымал бола бастады. Бүгінгі күні сенсорлық экрандар төлем терминалдары ақпараттың дүңгіршектерде, қалта компьютерлерінде және ұялы телефондарда қолданылады.

Біз ЭКСПО-да тұңғыш рет таныстырылған ең танымал деген өнертабыстардың тарихы туралы айтып бердік, бірақ көрмеде осындай мыңдаған өнертабыстар таныстырылған болатын. Әртүрлі Бүкіләлемдік көрмелерде жұртшылыққа жоғарыда аталғандарға қоса, Singer тігін машинасы, дизель моторы, электр розеткасы, Попов радиосы, Люмьер ағайындыларының киноқондырғысы, Ладыгиннің қыздыру шамы, алғашқы сериялық телевизор, IMAX жүйесі және тіпті IBM компьютерлері таныстырылған. Өзімізге үйреншікті болып кеткен осы заттардың барлығы әлемнің мойындауына жетіп, Бүкіләлемдік көрмедегі көрсетілімінен кейін коммерциялық қолданысқа түсті. ЭКСПО-2017 әлемдік танымалдыққа жететін жаңа өнертабыс түрлерімен қонақтарды таңқалдырып, осы дәстүрді жалғастырады деп сенеміз.

ЭКСПО мұрағаты

Өмірге қадам басқалы отырған «САРАСӨЗ» журналына ұзақ ғұмыр тілеймін! Ана тіліміздің қазақтың өзіне жалынып,ақша төлеп үйретіп жүрген заманда ақпарат айдынына қазақ тілді журналдың қосылуы әйеліміз ұл тапқандай қуанышты оқиға! Ұлтымыздың болашақ ұрпағын осылай ғана қазақ қылып сақтап қала аламыз!

...Менің Ақселеу аға жайлы толғанысымды жариялағалы жатыр екенсіздер.Зор алғыс. Мен мұнда да жаңа ғана толғана айтқан арманымды ұлы ойшыл тағдырымен және творчествосымен байланыстыра өремін.

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ,
журналист-жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Құрметті оқырман, қадірменді журнал ұжымы! Өңірімізде рухани азық іздеген жанның дертіне шипа болатын басылым саусақпен санарлықтай ғана. Осы тұрғыда ақпарат әлемінің тетігін іздеген жаңа әдеби танымдық бағыттағы «Сарасөз» журналының оқырманға қарай басқан қадамы құтты болсын! Менің түсінігімде әдебиетсіз ұлт болмайды. Соның ішінде халқымызға ең қажет дүние де – әдебиет. Бұл орайда бірігіп, бірлікпен жұмыс атқаруымыз керек. Жаңа әдеби танымдық журналға шығармашылық табыстар тілеймін. Шығар шындарыңыз биік болсын!

Әліпбек ӨСЕРБАЕВ,
Түркістан қаласының әкімі.

Басылымның аты – жақсы. Ылайым да аты-на заты сай болсын. Жай сөзді емес, сара, дара сөзді оқып тамсанайық.

Журналдағы әрбір сөз оқырманға ой салсын, жақсылыққа, нұрлы арман-қиялдарға жетелесін. Қасиетті Түркістан жерінде тұсауы кесіліп жатқан басылымның осы деңгейден көрінетініне кәміл сенеміз.

Қазіргі уақытта жаңа дүниені қолға алу оңай болмайды. Осыны ескеріп, тәуекел деп ауыр жүкті иығына артып отырған Гүлжаз қарындасымыздан қолдау-көмегімізді аямайық.

Елдің рухани қажетін өтеуге өзіндік үлес қосуға бет алған «Сарасөзге» – ақ жол!

Нұрпрезент ДОМ БАЙ,
республикалық «Ана тілі» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары

Киелі мекеннің руханиятын көтеруге арналған «Сарасөз» журналына ұзақ ғұмыр тілеймін. Өз саласында білімі мен біліктілігі жетерлік Гүлжаз қарындасымыз өзі түлеп ұшқан киелі мекенге перзенттік борышы ретінде журнал арнап шығаруды мақсат еткен екен. Журналдың қала медиа саласын көтеруге атсалысып жатқаны қуантарлық іс! Әр оқырманға ой салатын, сөздің сарасын айтар басылым болғай!

Бекарыс ШОЙБЕКОВ,
Түркістан қалалық білім бөлімінің басшысы,
айтыскер ақын.



Қажыбек БЕКБОСЫН:

Жастардың бойына ұлттық өнерді сіңіру керек

– Қажыбек аға, ата-бабадан жалғасқан киелі өнердің көшінде қаншама жылдан бері қара домбыраны ешбір заманауи техникаға айырбастамай, дәстүрлі әннің белді өкілі болып келе жатқан қазақ саңлақтарының бірісіз. Әңгімемізді бойдағы өнеріңіздің түп-тұқиянын тарқатудан бастасаңыз... Себебі оның өре басы аңызға бергісіз замана-лар мен бүгінгі ұрпақтың көзі көрмеген қазақтың жақсы-жайсаңдарына апарып тірейтіні сезіледі...

– Білуімше, өнер тұқым қуалайды, жоқ дегенде, жеті ұрпаққа дейін қайталанып келеді. Әкем Құдайберген Бекбосынұлы ауылда кезінде әншілігімен танылса керек. Ол уақытта түрлі мерекелерде ер, әйел болып, қарама-қарсы жұптасып айтысушы еді. Әкем көбіне Бибі ақын деген кісімен айтысатын. «Десең де қара барқын, қара барқын, Білмейді жаман кісі сөздің нарқын» деп айтылатын шумағы есімде қалыпты.

Ол уақытта айтыс таңды таңға ұрып жалғаса берген ғой. Сонда мен кіп-кішкентай болсам да, айтысып отырған әкемнің тізесінде ұйықтап қалады екенмін. Негізі, бала күннен құлаққа сіңген дегеннен артығы жоқ қой, өсе келе мен де өнерден кенде қалмадым. Мен туған Ұзынбұлақ ауылында әкемнен де өзге Бәйділда, Мақұлбек, Малдыбай атты айтыскерлер болды. Маған әсер еткен – бірден-бір осы кісілер. Содан 10 жасымнан бастап мен де басқаға білдірмей өз бетімше ән айта бастадым. Ол әндер «Ғалиябану», «Әйкенайлар» болатын. Өзімше ешкім білмейді деп қоям, бірде әкем Талдықорғанға барып патефон сатып алып берді. Әкемнің мен ойлағандай менің өнерімнен бейхабар емес екенін сонда білдім. Әкем ол арқылы маған өнердің мұхитын сыйлаған екен ғой сонда. Жүсіпбек Елебековтің орындауындағы Абайдың «Сегіз аяқ», Ақан серінің «Құлагер», Дина Нұрпейісованың «Сталин күйі», Кенен Әзірбаевтың «Көкшолақ», «Бозторғай» әндерін мен сол патефон арқылы, қала берді, Қазақ радиосынан тыңдап өстім. Ал Ғарифолла Құрманғалиевтің дауысын естіп, әнге құмарлығым одан әрі арта түсті. «Боз жорға», «Нұржамал», «Нақнақ», «16 қыз» әндеріне деген қызығушылығым сол Ға¬рекеңнің ықпалы арқылы оянып еді. «Боз жорға», «Қоғалы-ай», Шегенің әндерін мен сол 15 жасымнан бері әлі айтып келемін.

1965 жылы 9 Мамыр күні Жеңістің 20 жыл¬дық тойында ең алғаш рет жұрт алдында домбырамен ән салдым. Сол жылы Алматыға цирк және эстрада студиясына түсіп, ҚазССР Халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевқа шәкірт болып қабылдандым. Оқуым аяқталған соң, сол кездегі мәдениет министрі Ілияс Омаровтың бұйрығымен «Қазақконцертке» жұмысқа қабылдандым. Ұстазым Ғарекеңмен өнердегі байланысым 28 жылға созылды. Марқұм дүниеден қайтқанша, яғни 1993 жылға дейін қарым-қатынасымыз үзілмеді. 1972 жылы сол кездегі министрдің орынбасары Жексенбек Еркімбековтің ұсынысымен Талдықорған қаласына ҚазССР Халық әртісі Дәнеш Рақышевтан ән үйренуге жолдама берілген болатын. Менің Жетісу ән мектебіне баруым және Әсет Найманбаевтың «Қысмет», «Ардақ», «Қоңырқаз», «Мақпал» сияқты тоғыз әнін үйреніп, өз репертуарыма қосуым шығармашылық тұрғыдан өсуіме үлкен үлесін тигізді. Аңғарып қараған тыңдаушыға мен Батыс, Арқа, Жетісу әншілік мектебін, халық әндерін тұтас меңгерген әншімін.

– Еңбек жолыңызға табаны күректей жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті. Осыншама жыл ішінде түйгеніңіз не?

– Маған актер шеберлігінен дәріс бер¬ген ұстазым КСРО Халық әртісі Ы. Ноғайбаев үнемі «актер ұйықтағаннан басқа уақыттың бәрінде де жұмыс жасайды» деуші еді. Кейін өзім өнер жолына түскенде соған шын мәнінде көзім жетті. Бұл жерде айтпағым, жалпы, өнер жолы ұзақ, ал адам өмірі қысқа. Сондықтан көп адам діттеген арман-мақсатына толық жете алмайды. Әр адам, әр өнерпаз өзінен кейінгі ұрпаққа, елге үлгі болатын іс, із қалдырғысы келеді. Мысалы, мен үшін Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Дәнеш Рақышев, Жамал Омарова, Рәбиға Есімжанова, Роза Бағлановалар бұдан кейін де тыңдаған адамын риза етіп қуантатын, үйренем деген адамға ұстаздық ететін өнер жолын қалдырды. Мен де өз мүмкіншілігіммен осы қатарға қосылсам – еткен еңбегім, төккен терім зая кетпегені. Әр үйренуші ұрпақ осыларды ұстаз тұтып үйренсе, өнер талабын мықты ұстанса, қазақ ұлтының әншілік өнері өз жалғасын тауып, мағынасын жоғалтпайды деп ойлаймын. Болам деген әншіге бір ұстаз аздық етеді. Жақсының бәрінен керегінді ала білу керек.

– Сіздің өнеріңізді бағалап марқұм, фи¬лология ғылымының докторы Жұмабай Әбіл: «Қазақ әні тірі, ол өлмейді, өшпейді», – деп баға берген екен...

– Түркістанға келгеннен марқұм профессор Әбілов Жұмабаймен көрші тұрдым. Өте зерек, өнерге жаны ашитын, түсінігі мол адам еді. Филология факультетінде болатын өнер, әдебиет жайлы, академик Рахманқұл Бердібаев ағамыздың арнайы өткізген конференциясына, туған күнін атап өту жиынына ұдайы шақырып, мен де өз өнерімді халық алдында шалықтатып, әннің әр түрінен айтатынмын. Соның ішінде ұйымдастырушы болып Жұмабай жүретін. Содан алған әсерімен өзінің нық сенімімен ой сезімін білдірген болар. Мен оны «жасанды өнер өтеркетер, шын өнер халықпен бірге жасай береді» деп толықтырар едім. Алла өнерпаздарға сана берсін.

-Қазір – дәстүрлі өнердің кемеліне келіп тұрған шағы, алайда төл өнерді жастарымызға әлде де сіңіру үшін не жетіспей жатыр?

-«Дәстүрлі өнердің кемеліне келген шағы» деген сөзіңізге күдікпен қараймын.

-Сонда құлдыраған тұсы ма?

-Өнер сахнада шыңдалып, өнерпаз халықтың сынымен, қошеметімен өседі. Мен білетін өнерпаз атаулы осы жолмен өскен. Қазіргі кезде қадау-қадау шын өнерпаз бар болғанымен, әртіске күнделікті халық алдына шығатын сахна жоқ. Яғни ұдайы концерт беретін, жоспарлы жұмыс жасайтын филармония жоқ. Мен «Қазақконцертте» жұмыс жасаған 35 жыл бойы жылына 230-250 концерт беретінбіз. Қазір облыстық бюджеттен берілетін тиын-тебенге қарап отырған жұмыссыз әртіссымақтар бар. Көзге көрінбеген, құлаққа естілмеген өнерді жастардың құлағына қалай сіңіресіз? Радио-теледидар толған – болымсыз өнер, мағынасыз өлең. Алтын қорда жиналған өнер саңлақтарының шығармасын эфирден күндіз-түні беріп, жастардың бойына таза ұлттық өнерді сіңіру керек. Ұлттық өнермен сусындап өскен ұрпақ өзгенің ешбір жетегіне ермейтіні айдан анық.

– «Қазақтың дәстүрлі әншілік өнері» атты еңбек шығарыпсыз. Алайда таралымы аздау емес пе?..

– Кезінде Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиевтен сабақ алып жүргенде талай әңгіме, армандарын өз құлағыммен естідім. Олардың ішінде айтылмаған сөздер, ұсыныстар қалды. Себебі ұлттың өнері жайында сөз болса, соңынан ұлтшыл деген айдар тағылып, құғынға түсетін. Талай зұлматты көздері көрген олар содан сақтанатын. Дегенмен, өнер жайында толғанатын ойларын суыртпақтап бізге жеткізетін. Солардан алған үлгім бойынша «Қазақтың дәстүрлі әншілік өнері» атты оқу құралын (кітап) жаздым. Жақында «Халық композиторлары әндерінің тарихы» атты кітапты университет баспасынан басып шығаруға өтініш білдіріп қойдым.

P.S. Былтырғы жылы Қажыбек Бекбосын 70 жасқа толды. Ақыл-парасаттың кемелденер шағы. Абыздықтың басы саналатын жетпіс жасыңыз құтты болсын! Отбасыңызға бақ-береке, деніңізге саулық тілеймін. Қазақтың дәстүрлі ән өнерінің мерейін асырып жүре беріңіз.

Ботагөз ҚОҢЫР

МӘРТ



Саңлақ

Түркістанда Рахым дейтін бір қазақ бар. Атына сай рахымды адам. Аты-жөнін түгендеп айтып жатпасаң да, халық оны жақсы таниды. Себебі, Рахым Тәңірбергенов – Түркістанның Атымтай жомарты. Олай дейтініміз, іріліұсақты қайырымдылық шараларына демеушілік жасап жатқан да – Рахым. Үміт шоғы сөніп бара жатқан кембағал адамдарға қол ұшын созып жатқан да – Рахым. Талантын танып, дарынын демеп, өнердегі өрісін кеңге ашып жүрген де – Рахым. Саңлақ шыққан спортшының арқасынан қағып, батасын беріп жүрген де – Рахым. Қысқасы, барды да, жоқты да бар етіп, алпамса денесімен дархандық танытып, ағайынға аңқылдаған кеудесін ашып жүрер мұндай жанды күллі түркістандықтар қадір тұтады.

Қадір тұтпай немене, қайырымдылығына қайырым тілеген халқы Рахаңды бес мәрте облыстық мәслихатқа депутат етіп сайлады. Осы соңғысында, Рахым: «мен енді төрт мәрте облысқа депутат болып сайланыппын, артымнан ерген басқа жігіттер де елге қызмет етсін, биыл қоя қойсам деймін» дегеніне қарамастан, сайлаушылары өтініп, нәтижесінде 90 пайыздан астам дауыс жинап, бесінші мәрте облыстық мәслихатқа депутат болып сайланды. Маңдай термен төгілген адал еңбегінің арқасында кеудесіне «Құрмет» орденін тақты. Одан бұрын да омырауында ел тәуелсіздігінің 10 және 20 жылдықтарына, ел мәслихатының 10 жылдығына арналған мерекелік төсбелгілері жарқыраушы еді, бұл марапат Ұлт Көшбасшысының қарапайым еңбек адамына деген құрметінің айғағы болғаны анық. Рахаң Қазақстан Республикасының «Құрметті автокөлікшісі», Түркістан қаласының «Құрметті азаматы». Халықаралық Психология ғылымдары академиясының Құрметті академигі. Түркістан футбол және бокс федерацияларының президенті.

Кейінгі жылдары Елбасының кәсіптік білім беруді жандандыру стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Түркістанда жастардың авто-механикалық кәсіпті терең меңгеруі үшін арнаулы индустриальды-педагогикалық колледж ашып, ауыл балаларының техникалық білім алуына қамқорлық жасауда. Осының барлығы, өз сөзімен айтсақ, шүкіршілік деуге келетін тірлік. Шындығында, әңгіме Рахымның кәсіпкерлігінде емес, бас тіреп келгендердің тауын қайтармайтын қайырымдылығында жатса керек. Қазір әр тірліктің басын бір шалып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» өйтіп-бүйтіп байып алып, шіреніп жүргендер аз емес. Ал Рахым Көлбайұлының ұстанымынан бай-манаптық ұғымнан гөрі, ұлағат пен қайырымдылықтың қатар өрілетінін байқайсың.

Рахаң Өзбекстанда шаруа отбасында дүниеге келді. Еңбек жолын Шәуілдір автобазасында қарапайым жүргізушіліктен бастады. Мұның өзі оның кіндігінің ауыл топырағына байланып, ауыл тыныс-тіршілігімен тыныстап өскендігін аңғартады. Яғни, Рахаңа қазақ ауылының бітім-болмысы жат емес. Ал, ауыл – имандылық пен қайырымдылықтың ортасы.

Әскер қатарынан келген соң, еңбек жолын Түркістанда АТЭП және жолаушылар тасымалы автокөлік мекемелерінде жүргізушілікпен жалғады. Шымкент автомеханика техни-

кумын бітіріп келген соң, түрлі жылдары гараж бастығы, автовокзал бастығы қызметтерін атқарды. Алматыда ауыл шаруашылығы институтында жоғары білім алған соң, бас инженер, «Жолаушы» ЖШС-і директоры қызметтерін атқарды.

Ағайын десе алдындағы асымен ортақтасуға дайын ақжүрек азаматтың қайырымдылығына қалың жұрт тәнті. Ол жетім-жесірлерге, қарттар мен мүгедектерге, аз қамтылғандардың мұң-мұқтажына қарайласуды өзінің азаматтық парызы санайды. Қарапайым қала тұрғыны үшін ең шетін мәселе – күнделікті жол қаржысының арзан болуы ғой. Міне, талай жыл болды, Түркістан халқы қала ішінде де, қала маңына да ең арзан көлікпен қатынап жатады. Автобустың жол кіресі – 40 теңге, маршрут таксиінің жол кіресі – 50 теңге ғана. Бір кездері республикалық баспасөз «Түркістанда жол кіресі – 10 теңге!» деп шулағанда, еліміздің басқа аймақтағындағылар бұған сенбей, «түркістандықтар да айта береді екен-ау» деп күлгендері бар. Кейін өздері киелі қалаға зиярат ете келе, шын мәнінде біздегі көліктердің басқа жақпен салыстырғанда өте арзан екеніне еріксіз көздері жетті.

Рахаң айтады: «Осы қалада жолаушы тасымалында бізге бәсекелес жоқ, неге дейсіз ғой? Ешкім де арзан бағамен жолаушы тасығысы келмейді. Ал біз, 20 жылға жуықтап қалды, бір бағаны тұрақты ұстап отырмыз. Дағдарыс келіп жатыр, әлемдік баға күрт көтеріліп жатыр, оның ешбірі де біздің қаламызда дәл осы көлік тасымалында халыққа әсер еткен емес, ел игілігі үшін одан асқан қандай қамқорлық керек! Әрине, бізге қиын, жанармай бағасы күрт өсіп жатыр, автобөлшектер де арзан емес, бірақ, мен ойлаймын, ең биік баға – халыққа ыңғайлы, қалтасына салмақ салмайтын бағада болса керек».

Өкінішке орай, қалада орта есеппен 3 мыңдай жеке «таксилер» бар. Бұлардың басым бөлігі лицензиясыз, өтіп бара жатып, жолай жолаушыны «қағып» кететін пысықайлар. Мұндайда жолаушы көлігіне күнделікті норманы орындау да қиын. Міне, осындай қиындықтарға қарамастан, Рахаң бастаған ұжым халыққа игілікті қызмет етіп отыр.

Қарақан басының қамын ғана емес, қатарындағылардың барлығының бақуатты болуына тілектес жүрегі таза, жаны жомарт жан бүгінде елге етене, сыйлы. Оны білетіндер Рахым Көлбайұлын тек іскер кәсіпкер ғана емес, нағыз азамат ретінде де құрмет тұтады. Мен көмек бердім, демеушілік жасадым деп жатқан ол жоқ. Қолындағымен бөлісуді көкірегіне құйып өскендіктен де болар, осылай болуы заңды деп қабылдайды. «Арық атқа қамшы, жыртық үйге тамшы ауыр» дейтін қазіргі нарықтық қыспақ заманында, алды кең, жүрегі жомарт жандар көңілге нұр құятыны бар. «Кәсіп түбі – нәсіп» деген сөз бар қазақта. Ұлттың нәсібі ғой. Өзіңе ғана емес, өзгеге де болсын деген тілек пен ниет қабысса, ұлттың ұшпаққа шығары анық. Рахым кредосы да – осы! Ұлтқа қызмет ету.

Жыл сайын Рахаңның кәсіпорны 250-300 әлауқаты төмен адамдарға, мүгедектерге, көп балалы аналарға, студенттерге қала көлігінде жеңілдетілген бағамен жол жүруіне рұқсат беретін карточкалар таратып жатады. Мұның өзі де қарлығаштың қанатымен су сепкендей игілікті шара екенін даусыз.

Жоғарыда айттық, Рахаң «Жолаушы» колледжін ашу арқылы елдің келешегі – жастарға үлкен демеу көрсетіп отыр. Мемлекеттік бағдарламадан басқа, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардың балаларын ақылы негізде оқытуға қолдау көрсетіп жүр. Осында білім алып жүрген жастардың алдынан даңғыл жол ашылғанын көріп, сүйсінбеске лажың жоқ.

«Қазір екінің бірі жоғары білім алғысы келеді, колледжге ұмтылып жатқан жастар аз, соған қарамастан, өндірісімізге ауадай қажет, бірақ ұмытыла бастаған автомеханик, диспетчер, автослесарь, денекерші сияқты мамандықтарды игеру үшін біз жастарға жағдай жасауды мақсат тұттық, - дейді бұл турасында Рахым Көлбайұлы. – Колледжі ашудағы мақсат сол. Міне, 10 жыл болды, алғашқы түлектеріміз қазірдің өзінде ел игілігі үшін қызмет жасап, директор қызметіне дейін көтеріліп жатқандары да жоқ емес. Колледжіміздің оқу ақысын да қарапайым халыққа ыңғайлы етуді мақсат еттік. Қаладағы ең арзан оқу ақысы бізде деп толық мақтана аламыз. Бұдан бөлек мемлекет тарапынан алатын грантымыз да жоқ емес».

Бұдан өзге, өзі құрылтайшысы болып отырған «Рахим и Компания-1» ЖШС-і де халыққа автосақтандыру, автокөлікті техникалық байқаудан өткізу бағытында жақсы қызмет көрсетуде. Мұның өзі де оншақты адамды жұмыспен қамтып, Елбасының «Жол картасы» бағдарламасына үлес қосып отыр.

Қалай десек те, Рахым Тәңірбергенов - халықтың дүбірлі додада ен тағып еншілеп, аттай таңдап алған қалаулысы. Ол сайлаудың алдында сұлу сөз айтып, шұбыртып уәде беріп, тағына қонған соң тайқып, сайда жолы, құмда ізі қалмайтындардың қатарында емес. Елдің жайын ойлайтын халықшыл азамат. Бұған жоғарыдағы қадау-қадау істер куә.

Көңілге түйгеніміз, Рахаң үшін үлкен-кіші деген мәселелер болмайтыны. Оған тән адамгершілік қасиеттердің небір тылсым сырлары нақты іс арқылы өріліп жататыны. Жаны да, ары да таза, жұмысқа берілген, өз кәсібіне білікті мамандарды таңдауға мейлінше талапшылдығы.

Темірдей тәртіпті бірінші орынға қоятын ол өтірік айтуға, жалған сөйлеуге жаны қас. Тікесін айтып, туғанына жақпайтындардың қатарында. Қайырымдылық дейтін құндылықтар кері ысырылған бүгінгідей заманда Рахаң секілді біртуар азаматтар қажет-ақ, оның нар тұлғасын, мәрт мінезін, өзгеге ұқсамайтын болмыс-бітімін жастарға үлгі етуге асығасың.

«Өмірде бәрі өтеді-кетеді. Қалатыны – өмірлік ісің, өшпес ізің, ұлағат етер үлгің» дейді Рахаң. Расақ, өнегелі ісімізді өмірдің баянды бір болмысы десек те, елдің есінде қалатыны екінің бірі жасай алмайтын әлгіндей істер екені ақиқат. Оны дәл Рахым Тәңірбергеновтей намысшыл, ақжүрек, азаматтығы биік, арлы жан ғана жасай алады.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ, Гүлжаз ӘДІЛ,
Түркістан қаласы.

«Сарасөздің» сурет галереясы



Аң аулау



Орбұлақ шайқасы



Түркістандық жас қылқалам шебері Мұрат Шаханбаев Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бірлік ауылында дүниеге келген. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өнер факультетін бітірген. Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша магистратураны бітіріп, бүгінгі таңда осы оқу орнында қызмет етеді. Шет елде, республикада, облыс пен қалада бейнелеу өнері курстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған панорамалық картиналар жазып, «Орбұлақ шайқасы» картинасы өнертанушылар тарапынан жақсы бағасын алды.



Қыз ұзату